

ЕР ЕСІМІ - ЕЛ ЕСІНДЕ

Ардагерге құрмет



Аудан әкімі Есім Сейілханұлы Базарханов Ұлы Жеңістің 76 жылдығы қарсаңында ауданымыздағы жалғыз Ұлы Отан соғысының ардагері Моисеев Гаврил Степановичті мерекесімен құттықтап, облыс басшысы Амандық Ғаббасұлының "Алғыс хатымен", арнайы сый - сияпатын, "Nur Otan" партиясы атынан "Құттықтау хат" пен сыйлықтар табыс етіп, жүрекжарды жылы лебізін білдірді.

Моисеев Гаврил Степанович 1922 жылы наурыз айының 25 күні Қапал жерінде дүниеге келген.



Әкесі Моисеев Степан Николайевич 1890 жылы, шешесі Моисеева Наталья Петровна 1896 жылы туған, бұл кісілер Қапалда «Пламя революции» колхозында еңбек еткен. 8 жасында Гаврил Степанович мектепке барған.

Мектепті бітіргеннен кейін қазіргі Семей қаласында 219-шы атқыштар дивизиясына әскери борышын өтеуге барды. 1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталып, Гаврил Степанович Томбовтағы жаяу әскерлер оқу орнына жіберді.

Көп ұзамай 19 жастағы жігітті Батыс Ресей майданына аттандыр-

ды. 1943 жылы көзінен жарақат алған Гаврил Степановичті Алматы госпиталіне жіберіп, сол жерден І-ші топ мүгедектігін берген. Госпитальден емделіп шыққаннан кейін туған өлкесі Қапалға оралды.

Қорғаныс бөлімінде Гаврил Степановичке мектепте әскери істі жүргізетін мұғалім мамандығын ұсынды, осы жұмыста 3 жыл қызмет атқарды. Мектептен кейін «Пламя революции» колхозында еңбек етті.

Өз тілшімізден.

COVID - 19

МАМАН ЖАУАБЫ

«ASHUQ» ҚОСЫМШАСЫ ҚОҒАМДЫҚ ОРЫНДАРҒА БАРУДА ҚАУІПСІЗДІКТІ АРТТЫРАДЫ

ҚР Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі және ҚР Денсаулық сақтау министрлігі бірлесіп, елдегі эпидемиологиялық ахуал жөніндегі деректерді бақылау және талдауға арналған «Ashuq» қосымшасын әзірледі.

ҚР Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі, ҚР Денсаулық сақтау министрлігі және «Атамекен» ҚР ҰКП бірлесіп, карантиндік кезеңде қызметі шектелген бизнес өкілдері (спа-орталықтар, фитнес-орталықтар, кинотеатрлар) арасында пилоттық жобаны іске асырып жатыр. Енді аталған нысандарға бару үшін арнайы QR-кодты сканерлеп, оны кіреберісте көрсету керек. Қосымша, өз кезегінде қызыл, сары, көк және жасыл статустарға бөлінетін қатер рейтингін көрсетеді.

Қызыл статус жүріп-тұрудың шектелгенін, амбулаториялық бақылауда жүрген тұлғаларды үй жағдайында оқшаулау режимін қатаң сақтауды білдіреді.

Сары статус – жүріп - тұру ішінара шектелген – пайдаланушы ПТР деректер базасында науқас адаммен байланыста болған деп белгіленген: пациентке үйден оқшаулау режимін сақтайтын жерден 500 метрден аспауы тиіс азық-түлік және құрылыс дүкендері, дәрханаларға баруға рұқсат етілген.

Көк статус – бұл статустық ПТР міндетті болып саналатын орындардан (мысалға әуежай) басқа жүріп-тұруда шектеу қарастырылмаған.

Жасыл статус жүріп-тұруда шектеу жоғын білдіреді, мұндай адам базада "COVID-19" індетіне ПТР-тестілеуі теріс нәтиже шыққан пайдаланушы болып шығады.

Осы статустардың көрсетілуі бизнес өкілдеріне карантин уақытында жұмыс істеуге әрі келушілердің өміріне қауіп төндірумеуге мүмкіндік береді. Келушінің қолында смартфон болмаса қосымшада үйге кіруді басқаратын, келушінің мәртебесін ЖСН арқылы немесе жеке куәлікте орналасқан штрих-кодты сканерлеу арқылы тексере алатын қызметкерлерге арналған функция бар.

Пилоттық жоба болашақта қоғамдық орындарға (сауда және ойын-сауық орталықтары, дүкендер, мейрамханалар, кафелер, вокзалдар, аэропорттар және т.б.) кіру үшін Қазақстан Республикасының аумағы бойынша «Ashuq» мобильді қосымшасының таралуын анықтауға жол ашады.

Қазіргі уақытта «Ashuq» мобильді қосымшасын App Store мен Play Market дүкендерінен жүктеуге болады.

Көше атауы берілді



Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың "Рухани жаңғыру" бағдарламасы аясында Жансүгіров ауылында 2020 жылы Матай Бөрібай батыр ескерткіші ашылған.

"Nur Otan" партиясы Ақсу аудандық филиалының ұсынысымен аудан орталығы Жансүгіров ауылында көшеге Бөрібай батыр аты берілді. Салтанатты шараға ау-



дан әкімі, аудандық партия филиалының төрағасы Есім Базарханов құттықтады. Барлық

қолдаушыларға алғысымызды білдіреміз!

Өз тілшіміз.



ПРОВЕРКА

ТАЗАЛЫҚ АЙЛЫҒЫ ЖҮРІП ЖАТЫР

Туған жердің табиғатын аялайық!

ҚР Мемлекет Басшысы Қ.К.Тоқаевтың «Birge-taza Qazagstan» экологиялық акциясын өткізу туралы тапсырмасын орындау шеңберінде Жансүгіров ауылдық округі әкімшілігінің ұйымдастыруымен Жансүгіров ауылының кіре беріс арық жағалауына 3100 көшет, яғни 300 түп ясин ағашы, 400 түп емен ағашы, 600 түп терек ағаштары, 1300 түп қарағаш және 500 түп жеміс ағаштары отырғызылды. Аудан әкімі Базарханов Есім Сейілханұлы, аудан әкімінің орынбасары Сабырбаев Амандос Ақшұлы, аудандық Мәслихат хатшысы Сүлейменов Бейбіт Жаңылысұлы ағаш отырғызу жұмыстарына өз үлестерін қосты. Сенбілік – тазалық кепілі. Ауыл тазалығына үлес қосу – туған жерге деген қамқорлық болып табылады. Өрқашан тазалық жұмыстарын жүргізу



біздің назарда. Сондықтан өзі тұратын жерге жаны ашып, оның тазалығына көңіл бөлу – азаматтық парыз.

Оған қоса көше тазалығына байланысты, қоғамдық орындар, су жүретін арықтардың бойы толық тазартылды. Өр сәрсенбі, жұма күніне сенбілік ұйымдастырылып, мекемелер мен ауыл тұрғындары көше бойын толық тазартудан өткізді. Сондай-ақ, қоғамдық жұмысшыларды ұйымдастырып, ауыл сыртындағы арнайы орынға төгілмеген күл - қоқыстар тазартылды. Тазалық жұмыстары әр апта сайын жалғасын таба береді.

Бүгінгі таңға абаттандыру жұмыстарына байланысты орталық алаңға гүлдерді егу жұмыстары басталды.

Болат ШАРИПОВ, округ әкімі.

Ешкім де, еш нәрсе де ұмытылмайды

ЕСКЕРТКІШТЕР АБАТТАНДЫРЫЛДЫ



Бастауыш партия ұйымдарында төрағалардың ұйымдастыруымен Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы қарсаңында, Ұлы Жеңістің 76 жылдығына орай «Ардагерлерді ардақтайық!» партиялық жобасы аясында ауыл белсенділері ҰОС ардагерлеріне арналған ескерткіштер алаңын тазартып абаттандыру жұмыстарын жүргізді.

Ж.ЕРБОЛАТҚЫЗЫ,
аудандық партия филиалының
эксперті.

Еңбек - ерлікке жетелейді

Соғыс жылдарында және соғыстан кейін ел экономикасын қалпына келтіру кезіндегі тылда еңбек еткен батыр аталарымыз бүгінде ортамызда, Олардың еңбектері бүгінгі ұрпаққа үлгі - өнеге. Біз оны мақтаншыпен айтамыз. Өрине, соғыстан кейін елдегі жағдай барлық халық үшін оңай болған жоқ. Соғыс жылдарында да, одан кейін де белі қатқан баладан, жасы келіп еңкейген қартқа дейін еңбек етті. Ол кездегі адамдардың бар мақсаты елдің тыныштығы мен ел экономикасын көтеру болатын.

Қарашілік ауылдық округі бойынша сол кездерде аянбай еңбек еткен, техника жүргізген аталарымыз бен апаларымыз бүгінде 80 - 90 жасты алқымдап, бір ауылдың береке - бірлігінің ұйытқысына айналып отырған жандар. Солардың бірі - Сағабүйен ауылының тыл ардагері Жұмашбаев Сатыбалды атамыз. Сатыбалды ата 1937 жылы 15-ші қыркүйекте дүниеге келген. Ұлы Отан соғысы басталғанда, небары 4 - 5 жаста ғана болған жас бала еді. Әкесі 1940 жылы әскерге кетіп, 1946 жылы оралған. Балалық шағы осындай қиын кезеңге тап болған атамыз 1945 жылы 8-ақ жасында жер жырттып, сақа басына мінген. 1946 жылы әкесі келіп, жылқышы болған. Сатыбалды атаның 8 баласы бар. 8 баласынан 25 немересі бар.

Ер азаматтарымыздың өзіне тән қасиеттері төзімділік, жігерлілік, шыдамдылық, батылдық, батырлық, қайраттылық. Міне, жастайынан еңбекке араласқан аталарымыз да мұндай қасиеттер бала кезінен - ақ болған оғай. Осындай өмірі ерлікке толы жандар бізді өз өмірімізге сын көзбен қарауға итермелейді. Себебі, Батыр ағаларымыздың ерліктері мен қайсарлықтарын естігенде жүрегіміз дүрсілдеп, көңіліміз босап, біздің де бойымызда патриоттық сезім оянады. Міне, батырларды ерлікке жетелеген осы күш деп ойлаймын. Ол Отанға деген сүйіспеншілік, халқына, жеріне деген құрмет. Өмірі ерлікке толы жандардың өмірі кімге де болса сабақ. Ерлік ерге сын, -демекші бұндай азаматтарды өз ауылымыздан да табуға болады. Олай болса қай кезде де қиындыққа мойымайтын жарқын жүзді ер азаматтарымыз көп болсын.

Қарашілік ауылдық округі әкімі аппаратының жастар ісі жөніндегі әдіскер - нұсқаушысы, "Nur Otan" БПҰ-ның, "Жас Отан" жастар қанатының белсенді мүшесі.



Әйгерім ӘБИЛМӘЖИНОВА,

Біз Жеңістің ұрпағымыз!



ARDAGERLERDI ARDAQTAIYQ

Қапалауылы бойынша қазір бір Ұлы Отан соғысының ардагері Жеңістің 76 жылдығына аман - есен жетіп отыр. Ақыл - кеңестің таусылмас қазынасындай боп үйдің төрінде отыратын тау тұлғалы атамыз биылғы жылдың 25 наурызда 99 жасқа толып, 100 жасқа қадам басты. Міне, Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталғанына да 76 жыл өтті. Сол сұрапыл соғысқа біздің ауылдың ардагері Моисеев Гаврил Степанович 1943 жылы аттанған екен. Моисеев Гаврил Степанович 1922 жылы наурыз айының 25-і күні Қапал жерінде дүниеге келген. Әкесі Моисеев Степан Николаевич 1890 жылы, шешесі Моисеева Наталья Петровна 1896 жылы туған, бұл кісілер Қапалда «Пламя революции» колхозында еңбек еткен. 8 жасында Гаврил Степанович мектепке барған.

Мектепті бітіргеннен кейін қазіргі Семей қаласында 219-шы атқыштар дивизиясына әскери борышын өтеуге барды. 1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталып, Гаврил Степанович Томбовтағы жаяу әскерлер оқу орнына жіберді. Көп ұзамай 19 жастағы жігітті Батыс Ресей май-

данына аттандырды. 1943 жылы кезінен жарақат алған Гаврил Степановичті Алматы госпиталіне жіберіп, сол жерден І-ші топ мүгедектігін берген. 1945 жылы отбасын құрды, қазіргі таңда төрт ұлдың әкесі. Ауылымызға оралған Гаврил атамыз еңбекке етене араласады. Қорғаныс бөлімінде Гаврил Степановичке мектепте әскери істі жүргізетін мұғалім мамандығын ұсынды, осы жұмыста 3 жыл қызмет атқарды. Мектептен кейін «Пламя революции» колхозында еңбек етті.

Ел мен жерді жаудан қорғауға аттанған жас жігіт талай жорық жолдарынан өтіп, бейбіт өмірде құрметке бөленген Гаврил атамыз қазіргі күнде балалары мен немерелерінің ортасында отырып алда тек бейбітшілік пен тыныштық болса екен, - деп тілейді.

Біздің бақытты болашағымыз бен гүлденуіміз үшін өз өмірлерін қиған батырлардың жарқын естелігі біздің есімізде мәңгі қалады. Онжылдықтар өтсе де, ұрпақ өзгерсе де, Қазақстан халқы өз тарихын әрдайым құрметтейтін болады.

Қан майданның төрінде жаумен жанын қия айқасқан батыр ағаларымыз бен апаларымыздың рухына бас ие, мәңгілік тағзым етеміз. Сіздер барлық ұрпақ үшін ерлік пен патриотизмнің эталонысыздар. Біз Сіздерді мақтан тұтамыз және Сіздердей болуға ұмтыламыз.

Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмайды.

Әсел ӘШИМОВА,
Қапал ауылдық округі әкімі аппаратының жастар ісі - жөніндегі әдіскер нұсқаушысы.

Адам өміріне араша түсіп жүрген дәрігерлерге алғыс!

«Nur Otan» партиясының "30 игі іс" акциясының аясындағы "Дәрігерлерді ардақтайық" жобасы аясында Ақсу аудандық мәслихатының хатшысы, аудандық мәслихат депутаты Б.Сүлейменов, Қ.Абдырахманов, С.Ермұханбетова аудандық аурухананың дәрігерлеріне иммунитеттер нығайту мақсатында жеміс - жидек себеттерін табыстады.

Бүгінгі күні аудандық аурухананың жұқпалы аурулар бөлімінде 4 жоғары санатты дәрігерлер мен 15 медицина қызметкерлері, 15 кіші қызметкерлер "COVID-19"

дертімен күрестің алдыңғы шебінде аянбай қызмет етуде. Солармен бірге жедел жәрдем қызметінің фельдшерлері, терапевт, рентгенолог және барлық медициналық қызметкерлер індетпен күресуде. Дәрігер болу дегеніміз - әрдайым ізденісте болу дегеніміз.

Коронавирустық науқастарды емдеу кезінде науқастар үшін де, дәрігерлер үшін де екі есе жауапкершілік. Аурудың өзі алдын - ала болжанбайды, сондықтан жұмыста «толық тыныштыққа» үміттенуге негіз жоқ, кеше жақсарып келе жатқан науқастың жағдайы ауырлап кетуі мүмкін, бұл дәрігерлердің майданда жүргендей әрдайым жүйкелеріне стресті жағдай туғызатыны анық. Сондықтан да жерлестерімізге сақтық шараларын қатаң сақтауға шақырамыз.

Осы акция арқылы біз дәрігерлерімізге ризашылығымызды білдіре отырып, оларға мықты денсаулық тілейміз. Қадірлі дәрігерлер, Сіздерге деген алғысымыз шексіз!

Балғын АСҚАРОВА,
"Nur Otan" партиясы аудандық филиалының консультанты.



30 ИГІ ІС

ДӘРІГЕРЛЕРДІ АРДАҚТАЙЫҚ!

♥BIRGEMIZ

Адам өміріне араша түсіп жүрген әрбіріңізге

МЫҢ АЛҒЫС!

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

БЛАГОДАРИМ

Вас за твои спасённых ж

БАҚЫТ ГҮЛІН ТЕРГЕН КҮН!



Ешкім де, еш нәрсе де ұмытылмайды! Бұл күнде Ұлы Отан соғысынан аман оралған қарияларымыздың қарасы азайып барады, тіпті саусақпен санарлық деседі болады. Бақытты болашақты аңсаған, соғыста ерлікпен жан қиған боздақтарымыздың рухына бас иіп, бүгінгі күнге жеткен ардагерлерге құрмет көрсету біздің перзенттік парызымыз.

Осы орайда 6 мамыр күні «Ғали Орманов атындағы орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығымен» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры Қасымова Алима Саятқызы мен мектеп әкімшілігі Ұлы Отан соғысының ардагері, ауылымыздың тұрғыны Моисеев Гавриил Степановичті мерекесімен құттықтап, халін сұрап қайтты.

Асылдың сынығындай болған атамыздың, бір ғасыр болған жасы мен солған жанарына қарамастан өзі тұрып жүргені, көңілімізге қуаныш ұялатты. Ерлік жігерімен Отан алдындағы теңдессіз адалдығына, төңірдің сыйлаған сыйындай болған, алтын келіні бұл күнде атамыздың қол-аяғын жылы суға малып,

бар жағдайын жасап отыр екен.

Біздің келгенімізге айырықша қуанған ақсақалымыз көз жасына ерік беріп, «Ұлы Отан соғысы халқымызға төңген ең ауыр күндер болды, енді заманымыз тыныш болып, өскелең ұрпақ қайғы - қасіретсіз өссе екен,-деп шын жүректен тілегін айтты.

Мектеп директоры Қасымова Алима Саятқызы ұжымның атынан атамызға, «Ауыр күндердегі адал еңбектеріңіз бен белсенді азаматтық ұстанымдарыңыз үшін бас иіп, алғыс білдіреміз! Сіздің ерліктеріңіз мәңгі жадымызда сақталады! Сізге мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр тілейміз!»,-деп шексіз алғысы мен ізгі тілегін білдірді.

«Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін!» деп жанын бәйгеге тіккен батырларымыз қашанда жадымызда. Олардың ерліктерін мәңгі ұмытпаймыз!

**Г.САРҚАНБАЙҚЫЗЫ,
Ғали Орманов
атындағы орта мектебінің
директордың тәрбие жөніндегі
орынбасары.**

Мұғалім биік Тәуелсіздік

Биыл еліміздің тәуелсіздікті алғанына 30 жыл деген көп уақыт емес, аз уақытта емес. Осы уақыт аралығында Қазақстанда дүние жүзі түгелдей мойындап таныды. Осының өзі үлкен жетістік. Талай алпауыт елдермен бәсекеге түсіп, олардан қалмай алға басып келеді. Алдыңғы қатарлы 30 елдің ішінен орын аламыз деп болашаққа меже қойып, сол үшін көптеген жұмыстар жасалып жатыр. Мықты - мықты мемлекеттер Қазақстанды шынайы мойындап, дипломатиялық қарым - қатынастар орнатып жатыр. Шекарасын нығайтып, төл теңгесін шығарып пайдаланып жатыр. Мемлекеттік рәміздерді де қолданылып жатыр. Сан мемлекеттің төрінен Өнұранымыз орындалып, көк туымыз жоғары желбіреді. Олимпиадалық, дүниежүзілік, Европалық және Азиялық спорт ойындарында спортшыларымыз топ жарып, әнұранды орындатып, көк туымызды жоғары желбіретті. Дүниежүзі қазақтарының құрылтайын ашып, жан - жақта жүрген қандастарымызды туған жерге, атамекенге шақырды. Құдайға шүкір, қазір бізге миллионнан астам қандастарымыз атамекенге оралды. Дүниежүзін ауызына қаратқан "ЭКСПО-17" көрмесін қалай өтті. Дүниежүзін таң қалдырды. Күннен күнге, жылдан жылға тұғырымыз биіктеп барады. Бұл өзі әр қазаққа үлкен қуаныш, үлкен мәртебе. Еліміз бұдан ары да гүлденіп, болашаққа нық қадаммен аршындай адымдап барады деп білеміз. Туған еліміз Қазақстан жасасын! Төл мерекеміз Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығы жасасын!



Тәуелсіздік - елінің шам - шырағы

Сонау арғы замандардан бері ата - бабамыз аңсаған Тәуелсіздігімізге міне биыл 30 жыл толады. Бұл еліміздің әр адамына қуаныш және үлкен мәртебе. Тәуелсіздігіміз бізді қараңғыда жанған шам - шырақтай алды - артымызды жарқыратып, алға жетелеп барады. Егемен ел болып мойнымыздағы қыл бұраулар үзілді. Еркін еліміз, еркін адамдармыз.

Енді сол тәуелсіздік көрсеткен шам - шырағы жарқыраған жол мен адыспай алға баса береміз қолмен,-деп ойлаймыз. Сол үшін де аянбай еңбек етіп, тәуелсіздіктің нығаюына өз үлесімізді қосымыз керек. Шүкір, егемен еліміз осы 30 жылда айтса, адам сенбестей жетістіктерге жетті. Тура бір ертегі еліне кіріп кеткендейміз. Тәуелсіздік елдің

шам - шырағы болу үшін жастарға тек оқу керек, білім нәрімен сусындау керек. Білімдіге жол әрқашан да ашық Елбасымыз Н.Назарбаев өзінің болашақ жоспарында осы жағдайды терең ойға алғаны белгілі. Сол оқыған жас-тар еліміздің ертең болашағы, ел үшін де еңбек ететінде солар. Сол үшін оқу керек, терең біліммен сусындау керек. Сонда еліміздің, тәуелсіздігіміздің шам - шырағының жарығы дүниенің әр жерінен көрінетін болады. Сол тәуелсіздік шам - шырағын жарқырата жағу болашақ иелері жастардың қолында.

**Макира ЕСЖАНОВА,
Арасан ауылдық мәдениет үйінің
әдіскері, «Nur Otan» партиясының
мүшесі.**



Берекелі Рамазан керуені

«Зекет және қайырымдылық қорының» «Берекелі Рамазан керуені» атты республикалық қайырымдылық шарасы аясында Ақсу аудандық мешіті және әйел - қыздар секторының ұйымдастыруымен 120 отбасыға азық - түлік қоржындары таратылды. Дәл осы қасиетті жұмада Ақсу аудандық мешітінде ҚМДБ - ның «Зекет қайырымдылық қорының "Ел үлесі - пәтерге" жобасы аясында 377-і және 378-ші 2 баспана табыс етілді.

Қасиетті Рамазан айы, жұма күні Ақсу аудандық мешітінде Рамазан айы құрметіне жылдағы дәстүрге сай "Тегін такси" қайырымдылық акциясы ұйымдастырылды. Жамағаттарымызға Алла разы болсын! Ізгі амалға қолдау көрсеткен барша бауырларымыздың отбасыларына амандық, кәсіптеріне береке тілейміз!

Л.ҚАСЫМБЕКОВА.



ОРАЗА АЙТ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

**Наурызбай қажы ТАҒАНҰЛЫ,
Қазақстан мұсылмандары діни
басқармасының төрағасы, Бас мүфти.**

Аса қамқор ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын! Барлық мақтау Аллаға тән. Ардақты Пайғамбарымыз Мұхаммедке Алланың салауаты мен сәлемі болсын!

Қадірлі мұсылман қауым! Сіздерді исі мұсылман баласының ұлық мерекесі – ораза айтпен шын жүректен құттықтаймын! Айт қабыл болсын!

Отбасыңызға бақыт пен береке, деніңізге саулық, жұмысыңызға табыс тілеймін.

Ораза айт – жүрекке қуаныш пен мейірім сыйлайтын, адамзат баласын ізгілікке, достық пен бауырластыққа, қанағат пен қайырымдылыққа үндейтін мейрам.

Айт сөзі – мерекелеу, хал сұрасу, бір - бірін қуанту, қуанышқа топталу, қарымта деген ұғымды білдіреді. Ораза айт – қасиетті Рамазан айының аяқталғанын білдіретін мереке.

Жер бетіндегі күллі мұсылман үмбеті айт күндері хал сұрасып, бір-бірін құттықтап, мәре-сәре күй кешеді. Сонымен қатар, көмекке мұқтаж жандарға жәрдемдесіп, оларды да қуанышқа бөлейді.

Алла Тағала: «...Олар Мен үшін ораза ұстады, Менің пәрменіммен ауыз ашты, енді қуанышқа кенелсін...» дейді. Жаратушы Иеміз сіз бен біздің қуанышты

күндерімізді еселей түссін деп тілеймін.

Ораза айт – отбасылық мереке. Айт күндері ата-анамызды, ұл-қыздарымызды, аға-бауырларымызды қуанышқа кенелтіп, қараусыз қалған қарттарға, жетімдер мен мүгедек жандарға көмектесудің сауабы мол.

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы қасиетті Рамазан айында еліміз бойынша ауызашар қораптарын таратып, қайырымдылық жобаларды жүзеге асырды. Сауаптар еселеніп жазылатын берекелі айда игі іске атсалысқан еріктілерге, демеуші азаматтар мен жомарт жандарға риясыз ниетпен айрықша алғысымды білдіремін.

Еліміздегі пандемиялық жағдайды ескеріп, Діни басқарманың пәтуасы мен мешіт тәртібіне бағынып, құшылығын үйде орындап, оразасын оқшау түрде ұстаған жамағатқа да Алла разы болсын айтамын!

Құрметті жамағат! Алла Тағала отыз күн бойы ұстаған оразамызды, жасаған дұғамызды, жәрдемге мұқтаж жандарға үлестірген садақамызды қабыл етпей!

Өр отбасына амандық, жақсылық тілеймін. Оразадан оразаға дейін аман-есен жете берейік! Жер бетінен жұқпалы дерт жойылып, мерекелі, берекелі сәттерде жүздесуді жазғай! Еліміз аман, жұртымыз тыныш болғай! Әмин!

КЕЙУАНАНЫҢ КӨЗ ЖАСЫ

(Деректі жижя)

(Жалғасы. Басы өткен сандарда).

– Қазірдің өзінде ел аш. Жазғы жинаған құрт-майын бітірді. Уыс астық болмаса, малды жинап алса, өлгеннен баста не қалады? – деймін ашына астық беретін сол адамдай. Командир үндемейді. Мен оның бәсеңдегенін пайдаланып: – Атақ мініп тойға барғанды ойлап отырған адам жоқ. Өлген шал-кемпірді көзіңді өзінде зиратқа ерең жеткіземіз. Ал, азаматтардан хал кеткенде, үйіміздің төріне көме береміз бе?

Көшіп - қонып жүреді демесеңдер, қазақ ата қонысты қимайтын ел. Шекесі қызғаннан қашып бара ма деймін, жасым төгіліп. Осы ақ қар, көк мұзда есіз тауда аңша балалап, ерігіп жүр дейсіз бе? Етекте қартайған анам қалды. Атам қазақ жұртына көрі ана, қарт әкесін тастап кеткен емес. Басқа күн туды. Буаз сиырды көрмейсің. Қапқа тас салып, сиырға артып, абдырағастартып, түгел бұзау тастады. Сиыр қашатын бүкіл бір ауылда бір еркек тана жоқ. Ол етешізі жұмыртқалайтын тауық емес қой. Азар болса атып тастарсың. Ана балаға обалсынбасаң оны да істе. Жас баланы ойлау тұрмақ, есейген бала мен байың да өлітірісін білмеймін. Солдат әйел аптпайды деуші еді, ендігі қалғаны сол болса, оны да жасандар.

Елдің көзіңі ішкені ас емес, көздегі жас. Алланың алдында тоз-тоз боларлық мұндай күнәм жоқ еді. Қалайша қалың ел түгел кінәлі болғаны неліктен екенін білмеймін. Көзімнен аққан жасымнан дірілдеп, не айтып, не қойғанымың есебі жоқ. Жасты да тектім, сөзді де тектім.

Менің алдыма шөлдеп отыр дей ме екен, су әкеп қойды. Ұялғанымын шөлдемесем де ішіп салдым. Командир далаға шығып кетті.

Аздан соң сабама түссем керек. Ол қайта келіп:

– Осының бәрі кімнен деп ойлайсыз? – деді.

– Өздерің сияқты азаматтардан. Білгендердің бәріңіз айтқаны рас сияқты. Осыны жоғарғы жақ білмейді деседі. Ол сөздің жөні болар. Ал, Шөней жүрген жерге шөп шықпас. Асыра сілтеушінің бірі сол. “Шөнейден жан қалмайды!” деген сөзді естімеген боларсыз. Ол әйелдерді жинап алып, “Құдай жоқ!” дегізіп қол қойдырып алды. Құдайдың бар екенін біле тұрсақ та қол қойдық. “Құдайсыздар ұйымы” дегенді құрып, билет әкеп беремін деп, риза болып аттанды. Тек қана Тәсілбек атамсыздың балгер кемпірінен басқамыз көндік. Ол кісі тұқ жауап бермей отырып алып, құтылды.

Қайта айтпай отырмын ру атын тартып, кірмелерге астыртын айдап салатын сан аталар бар. Елді алдайтын, арбайтындар да осылар. Артық айтсам, Құдайым кешірсін, нағыз бұрынғының құзғындары да күш алып, өздері көрінбейді. Өлгендегі әйел жайлы сөздер де осыдан шыққан болар. Астыртын “Нөмеңгерлікті” қолдайтындар да осылар. Білмес бастықтарды арандатып, қорқытып жұмсайтындар да осылар. Өздері ұрлап, біреуді ұстап беретіндер де осылар. Бұлар құлаққа жатпаған, құйыршықтар, мүйіздер. Келесі күні Сабитов деген Қапалда тұратын үлкен командир ноғай жігіт, машина дегенмен үйіме әкеліп салды деп тоқтады.

ҚОШ, ТАЗА ТЕРМЕН ЖИҒАН МАЛЫМ!

Аң мен мал қыста күңгей, жазда теріскей сақтайды деп кінәлаймыз. Адамның өзі де жазда көк саз қуып, қыста қыстауға қашпай ма? Біз де қыстаудамыз. Азын-аулақ ұсақ жанды ермек етіп, қыстап отырымыз.

Аяқ астынан қолында мылтығы бар адамдар сау ете түсті. Аттың алдынан шығып қарсы алатын иттер де хабар беруге жарамайды. Бұрын ауылдың қасынан өткенде, аттың құйрығынан тістеп жүргізбейтін мінез адыра қалған. Бұлтыр ерікті түрде колхоз

боласындар дей тұрып, кіріптар түрде жылқыларды жинап алған. Онан орталыққа қосылғаны аз. Өткен жолы айтқандай шөп жинамай жартысынан көбі қыстағы жұттан қырылып қалған. Оны белсенділер елден көреді. Мал бақпай әдейі қырды деп, жаз бойы айқай көтерген. Биыл жылқы ауылда. Шөп шағын, қыс қатты.

Ел қолда бар уысты құлақтыны бітіріп, бекітіп берген ұсақ малды да там-тұмдап жеп жатыр. Жаңа жылға санақта мал басы кеміп кеткен. Соның орнын жабу керек болғанын естіп те жатырмыз. Оның үстіне қалған меншік малды жұрттың жеп қоятын түрі бар. Сондықтан елдегі малды түгел жинап алуға қаулы алыпты. Мал басы аман болса, жазға жақын қайтып беруге, ал кеміп қалса ерікті түрде өткіздіге жазбақ екен. Өзірге тек жаңғыз ғана бір сиыр қалдыруға тоқтам етіпті.

Малдың қолда барына тимегендіктен, мүмкін бұрынғы алғандарын қайтарып береме деп үміт етіп отырғанда мына іс от басына түскен өрттей болды. Көгенді далаға шығартып құрғызып, шөп түбінде тұрған ұсақ жандарды түгел көгендетті.

Сөзді Шөней бастады: – Сендегі мініп жүретін қоңыр дөнен қайда? – дейді Иманбек атам.

– Оны былтыр өткізгемін! – деді атам. Қағазыңа жөндеп қарашы, жаңсақ болып, жазылмай қалып жүрмесін деп тағы аңғартады.

– Өткізіпті. Бірақ, арық, жауыр болып, қыс болар болмастан өліп қапты, – дейді жас бала жігіт.

– Бір көшкен-қонғанда жүк артып жүретін қара інген бе, әйтеуір түйе бар деп жазылыпты, – дейді өзі хат танымаса да Шөней.

– Шөке, менің өмір бақи есігіме түйе боздап келіп көрген жоқ!

– Боздасын, боздамасын бір түйе болуға тиіс, – деп бәсең айтты бұл жолы. Хатшы бала да бұл кісіге түйе жазылмапты деп, тізіміне үңіледі.

– Былтырғы қалтырған бес ешкі, кемінде үш лақтан табады. Рас па? – деп өзіне растата келіп, биыл отыз ешкі тұру керек. Қазір бар жоғы он ешкі. Лақ түгел қашатыны кімге де болса аян. Бұлардың қайда? Әлде біреуден біздің мал жинауға келетінімізді естіп, тығып қойдың ба? – деп, Қайса маңқылдай қосылады.

– Барлық ешкі үштен таппас. Еркек лақ қашпас. Қашпас лақ таппас. Осындай ақ қар көк мұзда далады бақташысыз ешкі жайылып жүрмес. Сенбесендер ауылдан шығып қараңдар, далаға кеткен малдың ізі сайрап жатар болар. Кешегі мал көрген қазақтың баласы емес пе едіңдер. Кеңсеге кірген соң мал жайын ұмытып үлгірдіңдер ме?

Атың арық болып, қыста өліп қалды дейсіңдер. “Қарамаса қатын кетеді, бақпаса мал кетеді” дегенді естүлерің жоқ па? Әлде, оны да ұмытып қалдыңдар ма? Жұт жылы шөп болмаса, мал өлмек түгіл ашаршылықта адам да өлер. Жаның тірі болса, сен де соның бірі боларсың. Сонда өліп жатқан сенің үстіңе шығып отырып өлсем арманым жоқ...

– Мен өз басыңа көрінгір “қақпас” не дейді? Елді азғырып Кәрібай бастатып арғы бетке қашырып жіберіп, өзі осы жерге теріс үгіт тарату үшін қалғаны анық болды...

– Мен қақпас емеспін. Кімнің қақпас екенін бір құдайым білер. Мүмкін елмен бірге қырылса, ағат болып бірі қалар. Біреудің обалына қалып, жазықсыз жамандайсың. Олар елді қашпа деп үгіттесе, сендер қорқытып, елді жерінен бездірдіңдер. Өзі ұры басқаны да ұры есептер. Сенің итжеккен түгіл, тескен тауыңнан қорқатын мен жоқ. Ауылға мылтық алып келіп, малымды тартып алды деп мен де барар жерді білермін деп, ары қарай булығып тоқтады.

Олар сөзден ығысты білем, біздің үйге беттеді. Бір жағын мақтап, бір жағын алдай:

– Бұлар келешек біздің орнымызды басатындар. Комсомол болуға

жасы ғана толмай жүр. Бізге көмек беруің керек, – дейді.

– Өлгі қыз - келіншектерді оқытқандағы мініп жүрген тор жорға құнаның қайда, жақсы ат болатын түрі бар еді, – деп биязылап.

– Хат танытып, ақшасын алғаннан соң, апарып өткізгенмін. Сиыр ана су басында тұр. Қорадағы бес қойды жазып алып, атам үйіне қостырды.

Қасындағы Қабанбайдың үйіне кірмеді. Бар тапқаны:

– Мұхан қайда? – деп сұрады.

– Біреуге мал қайғы, біреуге жан қайғы, – деп ары айналып кетті.

– Имекең барлық балаларын далаға шығарып қырғалы жатыр деп, Зәукен жүгіріп келді. Барсақ, барлық үй ішін көгенге көгендеп тастапты. Қолында балта. Көзі қан басып кеткен сияқты. Қасында Қабекен.

– Мал алатындарың бері кіріңдер! Мына Қабанбай екеуіміздің өнерімізді сонан соң көріңдер. Сендерді шауып бітіріп, ақыр аштан өлетін мыналарды шабамын. Ақыры өзіміз өлеміз деп, оларға жақындай түсті. Олар атына мініп шегініп барып тұрды.

Менің әкем мен шешем қасына барып, балтаға қол созғанда балтаны тастай салды. Көгендегі адамдарды босатып алды. Бес ешкіден қалтырып, қалғандарын алдыларына салып берді. Олар артына қарап қойып, жөнеле бергенде:

– Енді келсендер, тірі қайтамын деп ойламаңдар. Өздеріңді өлтіріп, қамыстың ішіне тастаймын да, атыңды балаларыма сойып беремін, – деп айқайлады. Белсенділердің қолында мылтықтары болса да, басымыздан асырып бір ата алмады.

Батуға айналған күннің мұзға түскен сәулесінің астына қарай алыстай берді. Иманбек атамның жүзі де осы жақылға бағысталап, еңкейіп қалыпты. Ешкілері ұзаған сайын қарт та күнмен бірге еңкейіп бара жатқандай сезілді.

Естері болса, атамның қарсылығы халықтың қарсылығы екенін ұғатын жөні барды. Бұл қартты осы жолы Машкен тұқымының қой аузынан шөп алмас тұқымы деп қарауға болмайтын еді. Атамның сол сағаттан бастап белсенділерге деген сенімі де күнмен бірге батып бара жатқанын сезу қиын емес-ті. Биылғы қыстан өзі де қатты сескенген еді. Күзде барлық баланың анасы келіні Рыс-бала қарақұрт тиіп қайтыс болған. Кемпірі ерең жүр. Өзіне серік болып жүрген, қатты қайырымға келген баласы не сырқат екенін кім білсін, ол да жатып қалды. Ендігі ең үлкені менен үш жас үлкен ұлы – Айтқали.

Кезім бір түскенде атамның өңірінен қан ағып тұр екен. Қолының бас бармағын жеп тұрған сияқты көрінді. Қанды көргенде зәрем ұшып кетті. Сасқанымнан әкеме апыты келіп хабарладым. Әкеммен бірге келгенде, өзінің оң қолының бас бармағын қан жоса етіп шайнап тұрғанын көрдік. Әкем ағасын ауырып қалды деп ұқса керек, саусағын алып, жейдесін жыртты жарасын байлады. Ең момын адамның наразылығы осы болса, басқалардың ішінде қанша шұбар жылан жұмыртқалап жатыр екен десенші?!

Бармағын шайнау, арманда кетудің белгісі. Ол арман ішінде бірге кетті.

БАЛАПАҢ БАСЫНА, ТҰРЫМТАЙ ТҰСЫНА

Шешемнің туған бауыры – нағашым арнайы кісі жіберіпті. Оның айтуынша, барлығын тастасын. Тек қана көтере алса, төсек-орнын алсын да, көшіп келсін депті. Қанша жерін, ағайынын, қыстауын қимаса да, көшуге көніпті. Көнегенде не шара, шешем мен мен көшуді қолдадық. Бүгін болмаса да, ертең көшерімізге көзіміз жетіп отыр. Екі күннің бірінде, ана жерде бірі кісі, мына жерде бір кісі өліп қалатынын еститінбіз. Осылардың барлығы ұшып өліп жатқан жоқ, аштықтан өліп жатқанын да біліп отырмыз. Бүгін болмағанымен ертең біздің де күйіміз осы болмақ.

Әкемнің ағасы ақыл салғанда:

– Көшкендерің маған қанша

ауыр болғанымен, Машкен балаларынан бір үй қалғандай бола ма? Менен ұлықсат, жолдарың болсын. “Қу ағаш жас ағашқа сүйенеді” деген сөз бар. Жөңі өзінің жаңғыз баласынан кем қормайды, – депті.

Ертеңіне аруақтарға арнап бір шай беріп, көштік. Көшкенде көлігіміз: шешем, әкем, мен. Түгел қып-қызыл шақа балалар, Иманбек атам бастап шығарып салды. Бастығы қарт болып, сақалынан алты тарам жас ағып тұр. Балалар дауыс айтқандай аңырайды. Көшіп-қонғанда да үй арасына үй тіктірмейтін, екі бөлек болғанмен, бөлініп көрмеген, еншісі бөлек ағасы. Барын бөліп жеп, жартысын жарып жеген абысындар. Орнынан тұра алмай жатқан Абиыр апам мен Нұрғалиға кіріп қоштастық. Ауру да бар, аштық та бар, үрейсіздік те бар.

Әкем ағаларының арасында сөйлемейтін адам болғаннан, сөз білмейді деп ойлайтын едім. Олай емес, “арқаға батса – аяншыл” екен. Әкем Қосбатырдан ұзап шықпаған адам. Анда - санда жақын жердегі жегжатқа барғанның өзінде, Қосбатырын сағынып қайтатын. Төбеге шыға келгеннің өзінде, әуелі көз салатыны Қосбатыр зираты. Онда әке-шешені былай қойғанда, барлық бабаларының сүйегі сонда. Бес уақыт намазы, бір уақыт оразасы аузынан түспейтін әкемнің ойынша, топырақ астында сүйектер ғана емес, аруақтар тірі, тыңдап жатқандайтын.

Ауылдан шығып, тоқтап, аятын оқыды. Аят соңынан отырыңқырап қалды. Қарасам көзінен жас ағып отыр. Ол: – Қосбатырым, сені қалтырып кетуге мәжбүр болдым. Енді менің алдымнан кім мен мұндалап тұрады? Мүмкін орала алмасам, кінәм болса кешір. Сенен топырақ бұйыртуға жазсын. Қылышпен шауып өлтірсе, жаның бірақ қиналар. Аштықтан итше қиналтып, жалғыз баланы өлтіріп алмай, далбастап кетіп барамын. Қайғы мен қасіретке толған заманда, кінә ете көрме! Асқар басына тіктеп әлді шығар, қиялап жүріп зарлы шығар. Қайта жаным тірі болса, оралармыз. Жусатпай бағып қозы семіз, өргізе бағып қой семіз жасаған қайран жерім, мекенім.

“Қашағанның кеселі жусағанға тиеді” демекші, мына қырып сал көп белсенділер елді Қытай асырып жіберумен қоймай, қалғандарды аштан қыра бастады. Сан озған саңлақтар елден кетіп, тозған таға тайғанағы қалды деп шешеме қарайды. Шешем іші-бауыры елжіреп, дәрменсіз әкеме қарайды.

Өрең тұрған әкем, жүгін арқалап жөнөді. Шағын керуен, қырау басқан өңірді қақ жарып, ши арасымен Тақыртұма колхозына бет алып келеміз. Күннің ең қысқа кезі болар, күн бағана шыққанмен, тау басын қанаты сызған аққудай баяу жылжиды. Аспандағы ұсақ инелердей қылаулар жылтырап жүзіп жүр. Құстарды көріп болмасты. Барлығы ескі қыстаулардың күңгейіне шығып, жүнін дурттып отырған болар. Кер жолға түскен із де көрінбейді. Қыста осы уақытта қосарлана бастайтын аңдардың да іздері жалқы. Ол да қыстың көпке созыларың білер болар. Екі жерден өліп қалған адамның қар басқан мәйітін көрдік. Мен барып көргім келген еді, шешем жібермеді.

Ел, жер, ағайынды тастатып, айдап бара жатқан қу тамақ-ай!

Нағашымның үйіне келгенімізге толық ұш ай өткен. Нағашым болса бастауыш мектептің директоры. Қарайып қалмасын деп, мені төртінші класқа кіргізіп қойды. Мектеп жанында “интернат” сияқты бірдеме бар. Онда бір уақыт қою тамақ береді. Қалған екі уақыт нан мен шай ғана. Дегенмен, семірмегенмен аштан өлмейді. Тамақ үшін үлкен балалар да келеді. Білімдері үшінші, төртінші класс. Шын ынтасын сала оқиды. Тәрбиешілер: Үлгірмесендер шығарып жібереміз десе, жандары қалмайды.

Бір күні нағашым Ақсуға барып, шанамен қайтып келе жатса, бір адам жолдың жиегінде жантайып жатыпты. Бағана барғанда

АҚТАНДАҚТАР АҚИҚАТЫ

жоқ адамға көз жіберсе, жолда жығылып, сүйретіліп барып жатыпты. Соның арасында әлгі кісі басын қымқа көтеріп:

– Жақажанбысың, мені ала кетсеңші, түнге қалсам қатып қаламын ғой, – депті. Жыға таныған адамға қалай бұрылмасқа. Дегенмен ол кезде жолдағы жатқан адамды алмай кететін кез. Сан адамды ала кетемін деп, жолда өлтіріп кеткендерді де еститінбіз. Оған қарамастан дауысы таныс болған соң, шанағына салып ала келген.

Оны өлген кісідей көтеріп алып келгенде, жанымыз қалмай қорықтық. Бұл адам Сағабиеңнің тұрғыны Шіген деген адам екенін шешініп, жылынған соң барлығымыз да таныдық. Өңі тым қара адам еді. Сондықтан жеңгелерін қойған ба, мен болсам шын атын білмейтін адаммын.

Өзіміз не ішсек, соны ішіп қонып шықты. Есін жинап, ертеңіне кетуге айналды. Ол бүгөжектеп, бір нәрсесін көп іздеді. Тамсанып қойып қайта іздейді. Ақыры:

– Іздеп жүргеніңіз не? – деді нағашы жеңгем. Ол үндемей тағы іздеп, ақыры не іздеп жүргенін айтты.

– Қойнымда бір қойтұяқ бар еді. Түспестей-ақ етіп салған едім, – дейді әлі де сипаланып.

– Ол не нәрсе? Үлкен бе, кішкене ме? – деп таң қаламыз.

– Асықтай қой тұяқ. Ол қымбат күміс, қойдың тұяғындай, – дейді жолаушы.

– Оны неменеге салып жүрсің? – Бір аяқ бидай да болса сатайын деп апарған едім, бір ұстай да бидай бермеді. Тіпті бағасын сұрамайды. Соны қайта алып келе жатқан жайым бар, – еді деп мыңқылдайды.

– Сырты қорғасын ба? – деп жеңгем іздей бастады.

– Жоқ, кәдімгі қой тұяқ қой, бірақ ауыр келеді, қорғасынға жуық деп, – тағы өне бойын тінте бастады.

Кәнің үстіндегі Рахымжанның асығының ішінен бір темірді алып көрсеткен еді,

– Ия, соның өзі, – деп күліп жармаса түсті. Қойнына тығып, байлап алды. Өзі де күледі, біз де күлеміз. Кеше түнде баланың ойыншығы болар деп, асығына қоса салғамын. Онымен ұзақ ой-нады деп күледі.

Қонақ кеткен соң Шіген жайлы нағашым сөз қозғады. “Сорлы, көзі қарайған соң, соны қойнына тығып Абдыраға барып, жолда өліп қала жаздап қайтты. Қойтұяқтың бұрынғы бағасының баяғыда қараң бағасының қайдан білсін? Ол тұрмақ алмас, зүбәржат, мәрмәр, лағыл, жонылған гауһар /алмас/, інжу, бриллиант, ақық, маржан, құбылгастардың құны талқанға жетпейтінін қайдан білсін. Олар құрғақтағы кемеңнің құнындай адыра қалған.

Бұл адам сырты қара болғанмен, іші аппақ адам. Оқымағанның әдептісі. Жүрекке есек сақтамайтын, қойынға есек сақтамайтын осы жандар ненің зардабы үшін аштан өлмек? Еңбек адамы. Асылды асылмен егей бер десең кесіп түсетін, жасықты жасықпен шұқи бер десең, тесіп шығатын, ерінбейді.

Балдағым жаңа деп, биіктен қарғымайтын есер де емес. Бүгінгі табысын ертеңге олжа деп қарайтын момын. Елгезек, жұртқа жұғымды жан. Дәулеті аз, сүйкімі мол, бала мінез жан. Кемпірі болса, өзімен егіз мінезді. Өзінде жоқ болса, ел баласын арқалап жүргені. Қай үйге кіріп барса, оны жұмыс күтіп тұрады. “Жоғары шығыңыз, апа!” деп қойса болды. Ел де қолында болса аямайды. Өз барын да аямайды. Берген қолы алаған.

Дүниенің құнын қу тамақпен есептеткен тар заман-ай! Дүниеге байсалдылықпен қарайтын нағашымның үлкен ойлы көзі биік етекте талықтар тәрізді мұрны, толық денесі жүдеу тартып, тозың қарасынан ағы үлкейіп кеткен сияқты. Көзінің ағының өзі көгілдір тартқан сияқты. Тіпті етінің өзі көгергендей. “Көз еті көгергенде” деген осы болар. Неге осынша қазылып жүдеуі, аштықтан емес, тіріде қырылып

Дүйсен МҰХАМЕТШАРҰЛЫ,

зейнеткер - журналист.

(Жалғасы бар).

Алаш көсемі Әлихан Бөкейханның 155 жылдығы

ҚАЗАҚ ҰЛТЫНЫҢ
БІРТУАР КӨСЕМІ

Көкжал Барақ ханның ұлы Бөкей ханның бес әйелінен он бір ұл туады. Он бірдің бірінен Батыр төре, одан Мырзатай, одан Нұрмұхамед, одан Әлихан тарайды. Әлиханның сойы (фамилиясы) басында «Нұрмұхамедов» деп жазылып, жоғарғы оқу орнының соңғы курсында өз қалауымен сойын «Бөкейханов» деп өзгерткен екен.

Жасынан зерек, алғыр өскен тоғыз жастағы Әлиханды әкесі Қарқаралыдағы молдаға оқуға береді. Ол оқуға қанағаттанбаған Әлихан қаладағы үш кластық бастауыш мектепке ауысады. Оны бітірісімен Қарқаралының үш жылдық училищесіне оқуға түседі. Училищені ойдағыдай тамамдаған Әлихан Қарқаралы қаласындағы қазақ балаларына арналған мектепте 1879 жылдан 1886 жылдың маусымына дейін оқып-тәрбиеленіп, үздік бағамен бітіріп шығады. Мектеп алдына генерал-губернатор Г.Колпаковский Омбыдан келе жатып, пәуескесімен тоқтайды. Оқушыларға генерал - губернатор Г.Колпаковский: «Менің пәуескемнің дөңгелегі Омбыдан Қарқаралыға дейін қанша шақырым өткенін кімде-кім шығарып, айтып берсе? Мен оны мемлекет қаражатынан қаржыландырып, Омбыдан оқытамын», - дейді. Әлихан ортадан шығып дұрыс жауабын айтады. Таң қалған генерал Г.Колпаковский: «Есімің кім?» - деп сұрайды. Әлихан! - деп дауысы саңқ етіпті. Сөйтіп, 16 жастағы Әлихан Омбыға келіп, 1882 жылы Ресей императорының Жарлығымен ашылған қаладағы техникалық училищеге қабылданады. Назарбаев мектебі немесе университеті тәрізді, қазақ балаларын қолдап, оқытып жатқандар көбірек болса, құда - құп болар еді. 1890 жылдың маусым айында барлық пәндерден «үздік» және «жақсы» деген бағалар алған Әлихан Бөкейханов «техник» атаулы мамандықпен аттестат алып шығады. Әлиханның саяси күрескер ретінде шыңдалуына Омбыдағы күндері ерекше ықпал етеді.

XX ғасырдың басында қазақ даласында екі ағымның болғаны белгілі. Екінші ағымның басында Әлихан бастаған орыс мектептерінен тәлім-тәрбие алған озық ойлы қазақ зиялылары тұрады. Бұл топ саяси ұстамдылық танытып, Ресей империясына қарсы ашық күреске шығудың әлі ерте екенін түсінеді. Олар халықтың сана сезімін оятатын жағдай жасау керек деп түйеді. Бар күш-қуаттарын осы мақсатқа жұмылдырады. Төрт жыл өте жақсы оқып, 1900 жылы үлгілі тәртіп көрсетіп бітірген Әлиханды Омбы техникалық училищесінің директоры Н.С.Доброхотов дала генерал-губернаторы Бородинге жазылған ұсыныс хаты мен қазақ қауымдастығынан берілген 200 сом стипендияны бергізіп, Санкт-Петербургке жоғарғы оқуға аттандырады. Қазіргі «Болашақ» степендияттары сияқты. Үлкен сенім арқалаған талапты

жас Ресей империясының астанасы Санкт - Петербургтегі орман институтының экономика мамандығына оқуға түседі. Әлихан Бөкейханов Санкт - Петербургте күнделікті сабақтарына қоса студенттердің саяси, әдеби, экономикалық және тағы басқа үйірмелердің жұмысына қызу араласып, студенттік толқуларға да қатысады. Қараңғылық пен نادандықтың шырмауында отырған халқына білім мен мәдениет керек екенін ұғынады. Елдің тұрмысын, мәдениетін, білімін көтеруді өзінің алдына мақсат етіп қояды. Әлихан Бөкейханов 1894 жылы Санкт-Петербургтегі Орман технологиялық институтының экономика факультетін бітіріп шығады. Училищеде математикадан сабақ береді. Омбыға келісімен қаланың саяси әлеуметтік, қоғамдық жұмысына белсене араласады. «Халық бостандығы» партиясының қатарына өтіп, өзі қазақ зиялылары мен саяси белсенділерінің арасында осы партияның шағын тобын ұйымдастырады. Студент кезінде-ақ сенімсіздердің қара тізіміне іліккен Әлихан жандармерия бақылауында жүреді. Семей түрмесіне қамалып, кейін Самар қаласына жер аударылады. Самарада тұрғанында Ферғана шенеунігі әмбе ғалым Наливкинмен араласады.

Әлихан Бөкейханов қазақ даласының қонысының жер жағдайын, өкіметтің қазақтың «артық жерін» заң жүзінде негіздеу үшін құрылған Ф.А.Щербина мен С.П.Швецов экспедициясының құрамында болып, қазақты жерге орналастыру мәселесімен түбегейлі танысып зерттейді. Әлихан Бөкейханов Ресейдің көрнекті экономист, географ ғалымдарымен бірлесіп отырып, «Россия біздің отанымыздың жалпы географиялық сипаттамасы» атты көп томдық еңбектің 1903 жылы шыққан қазақ өлкесіне арналған 18 томының тарауларын жазуға қатысады.

Қазақ халқының ру, жүздер арасындағы дау-дамайлары толастамағандығы, ескілік қатынастары үзілмегендігі оның жанын қинайды. Әлихан Бөкейханов қазақ халқының шаруашылығы, қазақтың тарихы туралы еңбектер жазады. Оның «Сібір жері жолы аудандарының экономикалық зерттеу материалдары» 1904 - ші жылы Ташкентте басылады. Әлихан Бөкейханов тығырықтан шығудың жолы - халықты ағартып, білімге тарту деп түсінеді.

Әлихан Бөкейханов 1905 жылы Семей облысынан І - ші Мемлекеттік Думаға және мұсылман халықтары съезінің депутаты болып сайланады. Бірақ, Дума жұмысына қатыса алмайды. Себебі, дала өлкесінің генерал - губернаторының негізсіз айыптауымен 15 сәуірде үш айға Павлодар түрмесіне қамалады. Павлодар түрмесінен Омбы түрмесіне ауыстырылады. Он бес күннен кейін оның бір-ауыздан өз болысында сайланғаны белгілі болып, түрмеден босатылады. Әлихан Бөкейханов сол кезде тарап кеткен дума мүшелерінің артынан Финляндияның Выборг қаласына жетеді. Выборгте үндеуге қол қояды. Сол үшін айыпталып, үш ай Семей түрмесіне қамалады. Саяси өмірге белсене араласуы осы кезең еді. Орыс баспасөзінде қазақ даласындағы патша өкіметінің отаршылдық саясатын әшкерелейтін мақалалар жариялайды. Әлихан Бөкейханов 1905-1907 жылдары кадет партиясының Омбы губерниясының комитетінің құрамында болып, «Иртыш»,

«Омич», «Голос степи» газеттерінің редакторы қызметтерін де жасайды. Оның «Қазақтар» дейтін мақаласы осы жылдары жарық көрген.

1905 жылы Қоянды жәрмеңкесінде Қарқаралы петициясын ұйымдастырушылардың бірі болады. Петицияға 14 500 адам қол қояды. Петицияда: «Өкімшілік саясатпен келіспегендердің бәрін жоюға ұмтылды. Өкімшілік қазақ далаларының жаулап алынбай, өз еркімен қосылғандығын назардан мүлдем тыс қалдырды. Ең шұрайлы жерлер көшіп келгендерге бұйырып, нашар жерлер қазақтарға қалатын заңдарды құрды», - деп жазады. Мұның мәні қазіргі жақсы шаруашылық жерлерді сатуға шығармақшы болып, құнарсыз жерлерді қалдырмақ болғанға ұқсайды. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың маратори болмағанда, құнарлы жерлер арзан бағаға сатылып кетер еді.

1906 жылы Әлихан Бөкейханов орыс демократтарының «Халық еркіндігі» кадет партиясының бөлімшесі ретінде Қазақ саяси ұйымын құрады. Бағдарламасы Орал қаласындағы «Факел» газетінде жарияланады. Онда қазақ жері мен жастар оқитын мектеп, медресе, жоғарғы оқу орындарын ашу туралы мәселелерді көтереді. Қазақ халқын алдыңғы қатарлы елдер деңгейіне жеткізуді ойлайды. Әлихан Бөкейханов патша үкіметінің отаршылдық саясатын жан-жақты әшкерелеп, ол туралы мақалалары Санкт - Петербургте шығатын «Сібір мәселелері» журналында 1908-1909 жылдары жариялайды.

Әлихан Бөкейханов 1906 жылы «Семипалатинские областные ведомости» газетінде «Абай (Ибрагим) Құнанбаев» деген орыс тілінде мақала жазады. Әлихан Бөкейхановтың Абай туралы мақаласы қазақ топырағындағы Абайтанудың бас бастауы болады. Абайдың қазақ әдебиетіндегі орнын қанықтап берген Әлихан Бөкейханов: «Қырдағы қазақ алтыны Абайды тапқан Михаэлис», - дейді. Тарихшы, алаштанушы ғалым, ҚР ҰҒА-ның корреспондент-мүшесі Мәмбет Қойгелдиев: «1909 жылы Петербурдан Абайдың тұңғыш кітабын шығарған Әлихан Бөкейханов», - деп деректейді.

Әлихан Бөкейханов 1911 жылы Алматыда Жетісу облысының ардақты адамы Барлыбек Сырттановты қазақтың дербестігі үшін арнайы сайлап, Петроградқа жібереді. Әлихан Бөкейханов хат арқылы Барлыбек Сыртановпен кеңесіп тұрады. Барлыбек Сыртановқа алғашқы «Қазақ елінің уставын (конституция)» жазуға сенім артады. Барлыбек Сыртановты үлгі тұтқан Әлихан Бөкейханов 1905 жылы «бес облыс делегаттар съезінде» демократиялық партия құру туралы кеңеседі. Екеуінің таныстығы 1890 жылы Петроградтан басталған еді. Ел-жер қамы үшін одақтасып іс қылуға бекініп, ол парыздарын өмірлерінде орындап баққаны айқыны. 1914 жылы «Қазақ» газетіне №90, 16 желтоқсан, Әлихан Бөкейханов «Барлыбекті ұмытпасқа» деген қазанама жазған.

Әлихан Бөкейханов 1913 жылы Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатовпен бірге «Қазақ» газетін шығаруды ұйымдастырады. Әлихан Бөкейханов бастаған қазақ оқығандары, ағартушы-білімпаздар тобы ұлттық баспасөзді дамыту мен оның тілін қалыптастыруға бар білімі мен тәжірибесін, көп күш-жігерін жұмсайды. Мұхтар Әуезов: «Қазақтың еңкейген көрі, еңбектеген жасына түгелімен ой түсіріп, өлім ұйқысынан оятып, жансыз денесіне қан жүгіртіп, күзгі таңның салқын желіндей ширқтырған, етек-жеңін жиғызған «Қазақ» газеті болатын», - дейді. Жалпыұлттық тұңғыш газет ұлттық жазба әдеби тілдің қалыптасуына негіз қалайды. Әлихан Бөкейханов «Қазақ» газетінің алғашқы санынан соңғы 265 - ші санына дейін аянбай ат салысқандардың бірегейі. «Қазақ» газетіне «Қыр баласы» деген атпен мақалалар жазып тұрған. Қазіргі қазақ жастары Әлихан ізімен «Қыр баласы» деген ұйым құрып, «Алаштану» үлгісін қалыптастырып, берекетті жұмыстар атқаруда. Әлихан Бөкейханов «Қазақ» газетінің бетінде Абай Құнанбаев, Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин үшеуін бөлмей, «қазақтың үш төресі» деп қатар насихаттаған. Журналист - ғалым Сұлтанхан Аққұлұлы: «Ресейлік мұрағат құжаттарына сәйкес газет шығаруға рұқсатты 1905 жылдың 9 желтоқсанында Мұстафа Оразайұлы мен бас редактор ретінде Ахмет Байтұрсынұлына берілгенімен, тұңғыш жалпыұлттық қазақ басылымын шығаруға мұрындық болған ұлт көсемі Әлихан екеніне тарихи айғақ - деректер шүбә келтірмейді», - дейді.

Жемісбек ТОЛЫМБЕКОВ.

(Жалғасы бар).

ДИНАРАЛЫҚ ТАТУЛЫҚ – БОЛАШАҚҚА НЫҚ ҚАДАМ

Терроризм дегенде алдымен «Қылмыстың артында кім тұр және неге сондай қылмысқа барды?»,-деген сұрақ туады.

Терроризм – идеология, доктрина, тіпті жүйелік пікір де емес. Бұл – стратегия. Олар бүкіл әлемді «жақсы» және «жаман» деп екі топқа бөліп, өздерін «жақсы» категориясына жатқызады. Лаңкестік әрекеттерді іске асыру үшін міндетті түрде сценарий дайындап, «а» және «б» жоспарын жасайды. Терроризм жарқын болашақ пен жаңа мүмкіндіктерге үміттендіреді. Бұлыңғыр болса да үнемі саяси мақсат - мүддесі болады. Бұл халықаралық саясаттың бір бөлігі, сол себепті сырттан келетін қолдау арқылы іске асады. Террорлық ұйымдар ең алдымен идеологияларын дамытып, кітап, журнал, әлеуметтік желі және қолдарынан келгенше БАҚ арқылы қатарларын пікірлері сәйкес келетін адамдармен толықтырады. Бейбіт тұрғындар өмірін жалмайтын террорлық актілерді жасаушылардың діні, мәзхабы болмайды. Террорлық қимылдарға кез келген ұлттың өкілі, кез келген діннің атын жамылушы безбүйректер бара алады. Өкінішін, кегін, тағдырына мойынұсынбауын террорлық топқа қосылумен ақтарысы келеді.

Дін адамзаттың рухани мәдениетінің маңызды бөлшегінің біріне айналды. Дін арқылы адамдар арасындағы рухани байланыстан, ұлтаралық келісім мен қоғамның беріктігі, адами құндылықты, салт-дәстүрді сақтаудың ең жақсы мүмкіндігін көре білуіміз қажет. Ұлттық мәселелердің дәріс шешілуі Қазақстанның халықаралық қауымдастықта лайық орынға ие болуына, әлемдік өркениеттің горизонттарынан орын алуға мүмкіндік береді.

Қоғамның діни өмірінің демократизациялауы бір жақты оң нәтиже бере бермейді. Қазақстан көп ұлтты мемлекет. Бұл көптірліктің нәтижесі діни конфессиялар формасы. Бұлардың әр қайсысы өз наным-сенімдерінің қағидаларымен өмір сүреді. Өртүрлі діндердің бір кезеңде, бір этно-мәдени кеңістікте болуы теологиялық мәселе ғана емес, әлеуметтік мәселе тудыратындығы сөзсіз. Діндердің өзгертуге болмайтын өзіндік діни ілімдері мен дәстүрлері бар, кейбір жағдайларда бір-біріне қайшы келетін, тіпті жоққа шығаратын,

дінаралық сұхбат мүмкін болмайтын жақтары да кездеседі. Шешім жасау үшін нақтылы тарихи, әлеуметтік, қоғамдық, саяси, мәдени жағдайды есепке алуымыз керек. Нақтылы жағдай - Қазақстан Республикасы, яғни, мәселе осы мемлекеттің мазмұнына, оның мүддесіне орай шешілуі керек.

Қазақстан Республикасы Конституциясына сәйкес - Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы - адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары болып табылған. Қазақстан Республикасының «Қоғамдық бірлестіктер туралы» Заң жобасына сәйкес, экстремистік мақсаттарды көздейтін қоғамдық бірлестіктерді құруға және олардың қызметіне, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Заңнамасында көзделмеген әскерлендірілген құрылымдарды құруға тиым салынса, «Экстремизмге қарсы күрес туралы» Заңымен Қазақстан Республикасының аумағында экстремистік бағыттағы ұйымдардың, бөлімдердің ашылуына және олардың қызметіне тиым салынған.

Бейбітшілік пен конфессияаралық келісім салаларында Қазақстан аясында болсын, тіпті дүниежүзілік ауқымда болсын, қол жеткізген белгілі табыстарымызға қарамастан, әлі шешілмеген, жедел шешуді қажет ететін мәселелер баршылық.

Конфессияаралық бейбітшілік пен келісімнің нығаюы үшін, діннің біріктіруші, рухани тұрғыдан құрушы фактор есебінде рөлінің күшеюі үшін діни мәдениет пен діни сананы қалыптастыру қажет.

Дегенмен дінді құрал ретінде пайдаланып, өз мақсат мүдделеріне жетуді көздеген саяси топтар, ағымдар, экстремистер мен лаңкестер – ХХІ ғасырдың дертіне айналды. Экстремизм терминіне қысқаша тоқталсақ, экстремизм сөзі латын сөзінен шеттеу, орталықтан ауытқу, белгіленген жерден тыс кету деген мағыналарды береді. Экстремизм тәртіпті мойындамайтын, өзінің пікірімен ғана іс-әрекет етуші дегенді білдіреді. Экстремизм адамның надандыққа, сауатсыздыққа, көрсоқырлыққа, көрсеқырарлыққа бейімделген көзқарасынан пайда болады. Экстремистер басқа біреуді көре алмайтын, түсінбейтін, тіпті түсінгісі келмейтін адамдардан пайда болады.

Терроризм латын тілінен алғанда қорқыныш, үрей, саяси мақсатты сылтауратып күш қолдану деген мағыналарды білдіреді. Терроризм - ұйымдасқан топ, көздеген мақсат - мүдделеріне жету үшін, дүрсін - дүрсін күш қолдану арқылы көрініс табатын әдіс. Терроризм мемлекеттердің тамырына балта шабатын саяси әрекет.

Дінде экстремизм де, лаңкестік те жоқ. Өкінішке орай экстремистер мен лаңкестер дінде экстремизм мен лаңкестік бар екенін дәлелдегілері келеді. Жер бетіндегі ешбір дін лаңкестік іс-әрекеттерді, бұзғыншылықты, кісі өлтіруді құптамайды, оған үзілді - кесілді қарсы, ондай әрекеттерді үлкен күнәлардың қатарына жатқызады. Еліміздің заңнамасында терроризм мен экстремизм үшін қылмыстық жауапкершілік қарастырылған. Еліміз сыртқы күштердің қолдауын тауып отырған террорлық ұйымдардың нысанасына айналмауы үшін халықаралық заңға құрмет көрсететін, рационалды, ұлттық мүддені алға қоятын, бейбітшілік пен достастық қағидаларына негізделген саясат ұстанғаны абзал.

Экстремизмге қарсы күрестің бірден-бір жолы - олар туралы өз уақытында шынайы мәлімет беру. Бұл жерде өрине күнделікті ақпарат құралдарының рөлі өте жоғары. Секталардың, экстремистік топтардың қаупі туралы жастарды кебірек хабардар етіп, мектептерде «Дінтану» сабағымен қоса мамандар, мәдениет қызметкерлері қауіпсіздік сабақтарын өткізіп, онда экстремистік топтарды, тоталитарлық секталарды қалай білуге болатынын түсіндіріп, олардан қалай сақтану жолын көрсетіп отырады.

Экстремизм мен лаңкестік (терроризм) терминінің қолданыста, қоғамда, БАҚ – да қолдана отырып көптеген мақалалар жариялануда.

Экстремизмге қарсы мемлекет және қоғам болып күресуіміз керек. Ол үшін әлеуметтік желілер мен сайттардағы қаптаған этникалық және діни алауыздықты қоздыратын насихаттарға тыйым салу қажет. Өскелең жас ұрпақтың құқықтық және діни сауатын арттыруымыз керек. Дін атын жамылған экстремистерді халыққа жариялап, олардың арам пиғылдарын әшкерелеп отыру керек.

А.ЧЕМОМБАЕВА,
Суықсай ауылдық мәдениет үйінің директоры.

ХАБАРЛАНДЫРУ!

«Жер қатынастары бөлімі» ММ Сіздерге, 2021 жылғы 20 мамырға белгіленген Есеболатов ауылдық округі бойынша шаруа немесе фермер қожалығын, ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қойылған жер учаскесінен Есеболатов ауылдық округі тұрғындарының ұжымдық өтінішіне сәйкес 7лот-21гектар суармалы егістік, 8 лот-15 гектар суармалы егістік, 9 лот-10 гектар суармалы егістік жер конкурстан алынатынын ескертеміз.

2021 жылдың 19 мамырына дейін жоғарыда аталған лоттарға құжат өткізген азаматтар құжаттарыңызды қайтарып алуларыңызды сұраймыз.

ОБЪЯВЛЕНИЕ!

ГУ «Отдел земельных отношений» Аксуского района доводит до сведения населения, что в связи с коллективным заявлением жителей Есеболатовского сельского округа по земельным участкам, выставленным на конкурс по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства по Есеболатовскому сельскому округу, на 20 мая 2021 года, с конкурса снимаются 7лот-21 гектаров орошаемая пашня, 8 лот-15 гектаров орошаемая пашня, 9 лот-10 гектаров орошаемая пашня.

Граждане, которые до 19 мая 2021 года подали документы на вышеуказанные лоты, просим отозвать ваши документы.

Ұлттық рухтың негізі - қазақ тілі

Анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған ана тілімізді ұмыту - бүкіл ата-бабамызды, бар тарихымызды ұмыту.



Тіл мәртебесі – ел мерейі. Тілсіз халықтың, елдің өмір сүруі мүмкін емес. Әлем таныған ел болу үшін тіліміздің жұлдызын биіктетуіміз керек.

Биылғы жыл – мерекелі жыл. Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығы тойланбақ. Мұнда тек той тойлау емес, ұлттық рухымыздың көтеруге бет бұруға, мемлекеттік тіліміздің мәртебесін асқақтатуға тиіспіз. Тіл – ұлттық құндылығымыздың бірегейі, әрі ұлттың тұғыры екені «Тілге құрмет – қазаққа, елге құрмет» екенін естен шықпаса екен.

Ана тіліміздің асылын ардақтап, қадірлей білсек ата-бабалар рухына адалдығымыз емес пе?! Тіл – ұлттың тірегі, рухы мен намысы. Оның әлемдегі тілдер арасынан ойып тұрып орын алуы – баршаымыздың арманымыз. Ең бастысы, қазіргі жаһандану кезінде ана тіліміздің жойылып, жұтылып кетпеуі үшін күресуіміз керек.

Тұңғыш Елбасының ана тілі туралы «Дауға салса алмастай қиған, сезімге салса қырандай қалқыған, ойға салса қорғасындай балқыған, өмірдің кез келген орайында әрі қару, әрі қалқан болған, әрі жас отты да ойнақы Ана тілінен артық қазақ үшін бұл дүниеде қымбат не бар екен?! Ғасырлар бойы қазақтың ұлт ретіндегі мәдени тұтастығына ең негізгі ұйтықсы болған – оның ғажайып тілі».

Б.Сыртанов ауылдық кітапханасында «Тіл мерейі - ынтымақ айнасы» атты кітап көрмесі ұйымдастырылып, «Ұлттық рухтың негізі - қазақ тілі» атты тақырыптық сағат бейнебаян арқылы ұсынылды. Мақсаты - тіл туралы түсінік бере отырып тіл көркемдігін, байлығын, шешендігін көрсететін нақыл сөздер, мақал - мәтелдер арқылы оқырмандармен дүниетануымен ой - өрісін дамыту.

Сөз соңында айтарым, ұлттық ұлылығы ұлттық құндылықтарымызда десек, оның ең қастерлісі – тіл екенін әркім жеке сезіне екен деймін.

Н.АУБАКИРОВА,
Б.Сыртанов ауылдық кітапханашысы, «Nur Otan» партиясының мүшесі.

Тәуелсіздік – бабалар аңсауы, ұрпақтың қолы жеткен киелі кезең. Тәуелсіздік – ең басты құндылығымыз. Бұл күнге сан ғасыр бойы армандап жеттік. Тәуелсіздікке қан төгіссіз, бейбіт түрде қол жеткізіп, елімізді әлемнің өркениетті мемлекеттерінің қатарына қостық. 30 жыл ішінде тәуелсіз Қазақ елін қалыптастырып, нарықтың қиын өткелектерінен аман өткізіп келеміз.

Еңсемізді тіктеп, егемен ел атанып, өз алдына отау тігіп дербес мемлекет атанған Қазақстан қаншама қиындықтарға жолықса да тастай берік төзімділіктің арқасында, жалпақ әлемге өзінің өршіл үнін, өркениетке деген үмітін мойындатты. Ата - бабаларымыздан мұра болып қалған ұлан - ғайыр атамекен жеріміз, отарлық жоя алмаған тіліміз, мәдениетіміз тек қана қазақтың рухының күштілігімен сақталды.

Барша қазақстандықтар үшін Тәуелсіздіктің мәні де, маңызы да айрықша. Өйткені, біз Тәуелсіздіктің арқасында тарихымызды түгендеп, тілімізді, дінімізді қайта оралттық. Мемлекетіміздің ұлттық рәміздері қабылданып, ұлттық салт - дәстүрімізді жандандырдық.

Тәуелсіздік – ең алдымен Қазақ халқының бостандыққа ұмтылған асқақ армандары мен қайсар рухының жемісі. Сондықтан да біз үшін Тәуелсіздік – ең

Тәуелсіздік – асқақ армандар мен қайсар рухтың жемісі



қастерлі. Еліміз тәуелсіздігін жариялап, дербес мемлекет ретінде әлемге танылды. Еліміз қалай болғанда да сан ғасырлық қиын - қыстау жолдан, тар жол тайғақ кешуден өтіп, тәуелсіз елдер қауымдастығына қосылды. Отанымыз Қазақстанымыз туралы айтарымыз да мақтанарымыз да көп-ақ! Ендігі жеңіс те ерлік те біздің

қолда. Дербес болуға бағыт алған егемен еліміз – Қазақстанды көркейтетін, шаңырағын биіктетіп байытатын, абыройын асырып, өз бақытының иесі болуына қол жеткізіп отыратын, білім мен білік жолын таңдаған кейінгі ұрпақтар, яғни, біз жұмыла еңбек етуіміз қажет.

Еліміз тәуелсіздіктің бесігінде тербелгелі міне 30 жыл. Отыз жыл ішінде Қазақстан етек-жеңін жиып, шекарасын бекітіп, өз алдына дербес зайырлы ел болды. Бұл атадан келе жатқан ұлы жеңістің жемісі. 1991 жылы 16 желтоқсанда егемендігін алған еліміздің өз президенті, ұлты мен ұлысы, салты мен дәстүрі, мәдениеті мен экономикасы болды. Желтоқсанның желі мен ызғарына қарсы тұрған жастардың жалынды рухы мен ерліктерінің арқасында шаңырағы биік, керегесі кең мемлекет болып қалыптастық.

Тәуелсіздік — тарихы тереңде жатқан елдің жаңа заманда өз алдына қайта егеменді ел болған күн.

ХХІ ғасырда қазақтың қасіреті аз болғай, қуанышы көп болғай! Таяудағы жүз жылдық, әрідегі мың жылдықтарда қазақтың арманы мен мүддесін, елдігі мен еңбегін хақ тағала баянды етсін!

Айым МҰҚАШЕВА,
Қапал ауылдық кітапханашысының кітапханашысы.

Жас жеткіншектерді әскери оқу орнына шақырамыз!



Ақсу ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөліміндегі Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы №561-ІІУ «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Заңның 39 бабына сәйкес 17 мен 21 жас аралығындағы азаматтарды, әскери оқу орнына іріктеу, дәрігерлік комиссиядан өткізіп, құжаттарын дайындау жұмыстары жүргізілуде. Әскери оқу орнындағы кандидаттар даярлау қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің негізгі жұмыстарының бірі.

Елімізде әскери білім беру де алдыңғы қатарлы орынға

қойылған, соның арқасында Қарулы Күштердің қатары білімді, кәсіби біліктілігі жоғары, шымыр сарбаздармен толығып, мәртебесі артуда. Оның қатарына алынған жастар Отанымызды қорғау жолындағы қасиетті борыштарын атқарады.

Жоғарғы әскери оқу орнына бару үшін мектеп бітіруші түлектен физика пәнін таңдау талап етіледі. Арнайы тексеруден өткен, денсаулығы жарамды, ҰБТ-дан 60 балдан төмен алмаған түлектер оқу орнына жіберіледі. Оқу тегін, барлық шығындар мемлекет есебінен қарастырылған.

Қазақстанда әскери мамандық бойынша білім беріп, әскери қызметшілерді дайындайтын жоғарғы оқу орындары: - Құрлықтағы әскерлер Әскери институты оқу мерзімі - 4 жыл, Радиоэлектроника және байланыс Әскери инженерлік институты оқу мерзімі - 5 жыл, Т.Бигелдинов атындағы Өуе Қорғаныс Күштері Әскери институты оқу мерзімі - 4 жыл және Ш.Уалиханов атындағы әскери колледжі (бұрынғы Кадет корпусы) оқу мерзімі - 2 жыл. Ш.Уалиханов атындағы әскери колледжине таңдау пәні қажет емес, аттестат балы 3,5 болуы керек. Оқу орнына барған кандидаттар дене даярлығынан, жүйке - жүйе тексеруінен және соңғы дәрігерлік сараптамадан өтеді.

Биыл мектеп аяқтайтын, өмірден өздеріне лайықты, мамандық таңдап жүрген жасөспірімдерді әскери оқу орнын таңдауға шақырамыз. Әскери қызметші болып Отанға қызмет етудің болашағы зор екенін, әскери қызметшіге мемлекет қолдау көрсететінін жастар түсінсе дейміз. Ниет білдіруші жастар, қорғаныс істері жөніндегі бөліміне келіп тіркелуге болады.

Ақсу ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің байланыс телефондары: 8(72832)-2-20-29, 8-7057013650 арқылы керекті ақпарат беріледі.

Ақсу ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі.

ТІЛ – ҰЛТ АЙНАСЫ



Қашанда әрбір халықтың құнды қазынасының болғанын біз тарихтан жақсы білеміз. Сондай асыл да киелі қазынамыздың бірі сонау ата-бабамыздан бізге мирас болып жеткен ұлттық тіліміз – қазақ тілі.

Ана тілі – бұл туған әкеңнің, анаңның тілі. Шыр етіп дүниеге келген сәттен, есіміміз кіре бастағанан - ақ адамдық қасиетті қалыптастыратын әдептілікті, халықтың ізгілік пен ізеттілікке толы нұрлы, асыл сөздерін, тілдің жан тербетер әсер-күшін ана тілінде ұғып үйренеміз.

Халық – тіл мұрасын бар байлығымен, көркемдік қуатымен ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуші, әрі қарай өркендетіп дамытушы қозғаушы зор күш. Қазақ халқын құраған ру мен тайпалар тарихта өте ертеден, біздің жыл санауымыздан бұрын-ақ мәлім болған. Содан бастап тіл халқымыздың қарыштап алға басыуының бірден-бір қуатты құралы болып келе жатыр. Тіл байлығы - әрбір елдің ұлттық мақтанышы. Ол атадан балаға мирас болып қалып отыратын баға жетпес мұра. Демек, әр адам ана тілін көзінің қарашығындай қорғауға, оның орынсыз шұбарлануының қандайына болса, да қарсы тұруы тиіс.

Тіл - ұлттың жан дүниесі. Расында, қазақ халқының басында талай қиын нәубет, зұлматтың, қайғылы күндердің болғаны тарихтан белгілі. Сондай ауыр сәттерде, сын сағаттарда атамекен қонысын тастап босқан халықтың өзімен бірге алып жүрген байлығы - ана сүтімен санасына дарыған ана тілі ғана. Халқымыздың тілге беріп жүрген бағасы бұл ғана емес, ана тілге деген мейірім, махаббат сезімін білдіретін сөздер көп-ақ. Оған жазушылар мысалдар келтіруге болады. Осы сияқты ой тұжырымдардың баршасы ел аузына түспей, ғасырлар өтсе де ұрпақ жадында сақталған қанатты сөздер.

Тәуелсіздіктің негізгі тірегі – ұлттың тілі, діні, ділі. Тәңірдің адам баласына жасаған сыйы да — тіл. Ол - қасиетті де қастерлі. Оның бойында өзекті, жанды өзіне тартып тұратын керемет күш бар. Тілде бүкіл тіршілік тұрғандай. Тіл – ұлттың аса игілікті әрі оның өзіне тән ажырағысыз белгісі. Тілдің тағдыры – баршамыздың қолымызда. Тіл тағдыры - ел тағдыры екенін ешуақытта ұмытпайық. Әрбір адам өз ана тілін білу және мемлекеттік тілін меңгеру міндетті.

Ажар РАЗБЕКОВА, аудандық сотының бас маманы, сот отырысының хатшысы.

Жемқорлық жоқ ел - өркендеуші ел

Парақорлыққа жол жоқ!

Сыбайлас жемқорлықпен күрес Тәуелсіз Қазақстанның бүгінгі таңдағы күрделі мәселелерінің бастысы болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын бұл індет саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай - қайсысын да қатты алаңдататыны анық.

Бұрынғы өткен ата - балаларымыз да деп басып «тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ», - деп бекер айтаған. Олардың әділдік пен турашылдықты ту еткендігіне ғасыр қайраткерлері Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би және тағы да басқа біртуар билер мен шешендердің өмірі дәлел болатындығын біз тарихтан жақсы білеміз.

Сол себепті сыбайлас жемқорлықпен пәрменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру керектігінің маңызы зор. Осы бағытта Б.Сырттанов ауылдық округінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында әр түрлі дөңгелек үстел, танымдық сағаттар тұрақты түрде жоспарға сәйкес ұйымдастырылып отырады. Бұл шаралардың басты мақсаты

халықтың саяси сауаттылығын арттыру. Қарапайым халық өздерінің құқықтарын, өздеріне қарсы қандай да бір құқыққа қайшы іс - әрекет жасалған жағдайда қандай іс - қимыл қолдану керектігінің нақты жолдарын толық білулері қажет. Конституциялық тәртіпті қорғау, сыбайлас жемқорлықпен күрес аясында тиімді, бірыңғай жалпы мемлекеттік саясат жүргізу, мемлекет пен азаматтардың өмір сүруінің барлық салаларында сыбайлас жемқорлық пен оның көріністері деңгейін төмендету, қоғамның мемлекетке және оның институттарына сенімін нығайту бүгінгі күндегі басты мақсат болып табылады.

Кез - келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлық мемлекетті ішінен жоюдың бастамасы мен жетістіктерді жоққа шығаратын, ұлттық қауіпсіздікке қауіп-қатер әкелетіндігі күмәнсіз. Сондықтан да Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдылықтарының бірі болып осы зұлымдықпен күресу болып табылады.


Ел болып еңсемізді көтергенімізге, тәуелсіздігімізді алып, шаршы әлемге

танылғанымызға отыз жыл толды. Осы уақыт аралығында мемлекетіміз т а м ы р ы н тереңге тартып, нығая түсуіне бағытталған қ ұ қ ы қ т ы қ заңнамалар мен іс-шаралар қабылданып, ел экономикасы мен әлеуметтік жағдайы түзеліп, әлем мемлекеттерінің ортасынан өз орынын айқындады. Бүкіл әлемге өзінің біртұтастығымен, ажырамас бірлігімен танылды.

Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі ушықпауы үшін оны тоқтатудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде қарсы тұруға болады.

Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы деп білу керек.

Т.ШҰЛҒАУБАЕВ, Б.Сырттанов ауылдық клубының меңгерушісі, «Nur Otan» БПҰ мүшесі.



Сыбайлас жемқорлық - заманмен бірге өсіп-өркендеп, небір тегеурінді қарсылықтарға төтеп беріп, қайда мол қаражат, пайда болса, сол жерге тамыр жайып, бүгінге дейін жойылмай отырған қауіпті кеселдің бірі. Қазіргі кезде сыбайлас жемқорлық әлемнің кез келген елінде оның саяси дамуына байланыссыз, оның ішінде Қазақстан да, әлеуметтік құбылыс ретінде өмірін жалғастырып келеді, ол тек ауқымдылығымен ғана ерекшелінеді.

Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік - экономикалық даму, нарықтық экономиканы құру инвестициялар тарту процесін баяулататын және демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсер ететін, елдің даму болашағына айтарлықтай қауіп төндіретін құбылыс.

Елбасы «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» атты өзінің Қазақстан халқына Жолдауында «демократиялық қоғам жағдайында қылмыс пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес ерекше мәнге ие болады» деп атап көрсетті. Яғни, бұл мемлекеттің осы жағымсыз құбылысты жою бағытындағы кешенді және жүйелі күрес жүргізу саясаты жанданып, әрі қарай жалғасын табады деген сөз.

«Алматы облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы, ММ мен Алматы облысы бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агентігі арасында меморандумға қол қойылып, Алматы облыстық кітапханаларында «Парасат жолы» өңірлік орталықтарының ашылуы туралы конференция өтті. Қызылағаш ауылдық модельді кітапханасында ҚР Ұлттық академиялық кітапханасының бастау алған «Адалдық алаңы» жобасы аясындағы «Парасат жолы» орталығы ашылды.

А.КҮЛДІБАЕВА, Қызылағаш ауылдық модельді кітапхана кітапханашысы.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы

Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік – экономикалық даму, нарықтық экономиканы құру инвестициялар тарту процесін баяулататын және демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсер ететін, елдің даму болашағына айтарлықтай қауіп төндіретін құбылыс.

Елбасы биылда «Қазақстан халқының ел ауқатын арттыру» - мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» атты өзінің Қазақстан халқына Жолдауында «демократиялық қоғам жағдайында қылмыс пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес ерекше мәнге ие болады», - деп атап көрсетті.

Яғни, бұл мемлекеттің осы жағымсыз құбылысты жою бағытындағы кешенді

және жүйелі күрес жүргізу саясаты жанданып, әрі қарай жалғасын табады деген сөз.

Сонымен қатар сыбайлас жемқорлықпен пәрменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру керектігінің маңызы зор. Халық өздерінің құқықтарын, өздеріне қарсы қандай да бір құқыққа қайшы іс - әрекет жасалған жағдайда қандай іс - қимыл қолдану керектігінің нақты жолдарын

толық білулері қажет. Конституциялық тәртіпті қорғау, сыбайлас жемқорлықпен күрес аясында тиімді, бірыңғай жалпы мемлекеттік саясат жүргізу, мемлекет пен азаматтардың өмір сүруінің барлық салаларында сыбайлас жемқорлық пен оның көріністері деңгейін төмендету, қоғамның мемлекетке және оның институттарына сенімін нығайту бүгінгі күндегі басты мақсат болып табылады.

Осы мақсаттағы жұмыстарды жүйелі жүргізуге тағы бір серпін ретінде

«Қазақстан Республикасында қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту және құқық қорғау қызметін одан әрі жетілдіру жөніндегі қосымша шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы қолданысқа енгізілген.

Бұл жарлық еліміздегі құқық қорғау органдары қызметтерін жетілдіруге бағытталып отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекеттермен олардың пайда болуының алдын алуда жүйелі, әрі тұрақты шаралар атқаруды қамтамасыз етеді.

А.ТҰНЫҚБЕК, Матай ауылдық клубының меңгерушісі, «Nur Otan» бастауыш партия ұйымының мүшесі.

Сыбайлас жемқорлық – еліңе қорлық

Сыбайлас жемқорлық – заман ағысымен бірге өсіп - өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған індеттің бірі. Бұл індет біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр.

Бүгінгі таңда мемлекет пен қоғамның сыбайлас жемқорлық туралы көзқарастары әр түрлі болып қала береді. Бұл құбылыстың мемлекеттік және қоғамдық институттарға әсер ету себептері, маңызы мен дәрежесі туралы әртүрлі пікірлер бар, бұл көбінесе сыбайлас жемқорлық мәселелерін кім зерттейтіндігімен түсіндіріледі - экономистер, әлеуметтанушылар, саясаттанушылар немесе заңгерлер. Сондай-ақ халықтың тәжірибесі негізінде қалыптасатын сыбайлас жемқорлықты тұрмыстық түсіну де бар. Екіншіке орай, бұл келіспеушілік сыбайлас жемқорлықтың салыстырмалы түрде әмбебап тұжырымдамасын қалыптастыруды қиындатады, бұл өз кезегінде оның таралуына қарсы



тұрудың тиімді тетіктерін әзірлеуді объективті түрде шектейді.

"Сыбайлас жемқорлық" терминінің негізінде латынның "conruptio" сөзі жатыр, ол сөзбе-сөз аударғанда" бүліну, сатып алу "дегенді білдіреді (бұл мағынада" коррозия "сөзі де түбірі болып табылады). Жалпы, бұл аударма сыбайлас жемқорлықтың мәні туралы жалпы түсінік береді – оны пара беру арқылы биліктің бүлінуі немесе коррозиясы – оны әлеуметтік құбылыс ретінде қарастыру тұрғысынан, әрине.

Сыбайлас жемқорлықтың себептері билік органдары мен бизнес жұмысының тиімсіздігіне

байланысты. Яғни, мысалы, азаматқа заңдарда немесе салалық келісімдерде бекітілген штаттық тетіктерді айналып өтіп, қандай да бір мәселені (құжатты келісу, өнімге немесе қызметке тапсырыс беру) шешу оңайырақ болады. Сонымен қатар, құжатты келісу процедураларына, өнімді шығаруға немесе қызметтерді ұсынуға жауапты компания қызметкері немесе қызметкері мәселені ресми емес шешуге көмектесуге сирек келіседі. Сондықтан ол қандай да бір жолмен билік, бизнес және қоғамға зиян келтіріп, заңдар мен нормаларды бұзушы болады.

Жалпы, Елбасы сыбайлас жемқорлықты болдырмау, онымен барынша күресу тек қана құқық органдарының ғана емес, барлық мемлекеттік органдардың міндеті және бұл бүкіл халықтық іс екендігін атап айтқан болатын.

Д.СҰЛТАНОВА,
аудандық сотының
бас маманы, сот отырысының
хатшысы.

НАЙМАНХАНҰЛЫ МҰХАМЕТӘЛІ

НАЙМАНХАНҰЛЫ МҰХАМЕТӘЛІ 1953 жылы 18 шілдеде Діңгек ауылында дүниеге келген. ҚазМУ-дың журналистика факультетін бітірген. Еңбек жолын 1970 жылы Сағабүйен ауылындағы Т.Тоқтаров атындағы орта мектепте дене шынықтыру пәнінің мұғалімі болып бастаған. 1976 - 1986 жылдары аудандық «Өмір нұры» газетінде аға әдеби қызметкер, а у л ш а р у а ш ы л ы ғы бөлімінің меңгерушісі, 1987 - 1990 жылдары аудандық партия комитетінің нұсқаушысы болды. 1990 жылы аудандық "Қазақ тілі" қоғамының төрағалығына сайланды. 1993 - 1996 жылдары аудандық тіл басқармасын, аудан әкімдігінің ұлт саясаты бөлімдерін басқарды. 1996 - 1997 жылдары аудандық мәдениет бөлімінің меңгерушісі, 1998 2014 жылдары аудандық ішкі саясат бөлімінің бас маманы, 2015 жылдан 2019 жылға дейін «Ақсу өңірі» ЖШС аудандық газетінің директор - бас редакторы қызметін атқарып, зейнеткерлік демалысқа шықты. "Кесенедегі құс ұясы", "Ақсудан шыққан арыстар", "Жер жасырған жыр", "Киелі тәуіп", "Қайнар батыр", «Абыз Ақсу», «Кіндікқоңыр», «Аманат», «Алаштың соңғы асы», «Даңқ орденді дәрігер» атты кітаптары жарық көрді. «Жайдарман», «Қазақ жерінің зиялы азаматтары», «Алаштың 100 арысы» кітаптарына әңгіме, очерктері енген. 1993 жылы Ақын Сараның 115 жылдығына жарияланған облыстық үздік шығармалар бәйгесінде «Кесенедегі құс ұясы» повесі үшін Бас жүлдені, 2015 жылы «Дін және дәстүр» байқауында жүлделі екінші орынды, 2017 жылы ҚХА-ның «Шаңырақ» байқауында Бас жүлдені жеңіп алды.



«ҚР Конституциясына 10, 20 жыл», «ҚР Тәуелсіздігіне 20 жыл» медальдарының иегері, Елбасының және облыс әкімінің «Алғыс хаты», облыстық ішкі саясат департаментінің, Қазақстан Журналистер одағы облыстық ұйымы мен облыстық «Жетісу» газетінің "Құрмет Грамоталарымен" марапатталған. 1978 жылдан КСРО Журналистер одағының, 1991 жылдан Қазақстан Журналистер одағының мүшесі. 2013 жылы есімі ауданның "Құрмет" кітабына енгізіліп, 2016 жылы «Ақсу ауданының Құрметті азаматы» атағы берілді. "Ақсу өңірі" газетін басқарып, сонымен ерген жас журналистерге ақыл - кеңесін айтып, бағыт - бағдар бере білген асыл ағамыз Рамазан айының соңғы күні, 12 мамырда өмірден озды.

Отбасына, бала - шағасына, туған - туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтамыз.

Базарханов Есім СЕЙІПХАНҰЛЫ,
аудан әкімі, "Nur Otan" партиясы аудандық филиалының төрағасы,

Сүлейменов Бейбіт ЖАҢЫЛЫСҰЛЫ,
аудандық мәслихат хатшысы.

Амангелді АЙТБАЕВ,
аудандық Ардагерлер кеңесінің төрағасы.

Дәулетбекова Күләйхан ТҰРСЫНБЕКҚЫЗЫ,
"Nur Otan" партиясы Ақсу аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары.

Ақсу ауданының әкімі аппараты, аудандық мәслихат, аудандық ардагерлер кеңесі, аудандық Қоғамдық кеңесі, аудандық ішкі саясат бөлімі Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, «Ақсу ауданының Құрметті азаматы», жиырмадан аса кітаптың авторы
НАЙМАНХАНҰЛЫ МҰХАМЕТӘЛІНІҢ
қайтыс болуына байланысты отбасына, туған - туыстарына, артында қалған бала - шағасына қайғырып көңіл айтады.

"Nur Otan" партиясы Ақсу аудандық филиалы Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, «Ақсу ауданының Құрметті азаматы», партия ардагері, партия белсендісі болған
НАЙМАНХАНҰЛЫ МҰХАМЕТӘЛІНІҢ
қайтыс болуына байланысты отбасына, туған - туыстарына, артында қалған бала - шағасына қайғырып көңіл айтады.

Аудандық "Ақсу өңірі" ЖШС газетінің ұжымы және зейнеткер журналистер - Берлібек Аманбаев, Тілеухан Есеболатов, Дүйсен Мұхаметшарұлы Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, «Ақсу ауданының Құрметті азаматы», аудандық газеттің бұрынғы редакторы, әріптесіміз, досымыз, алдымыздағы ақылшы ағамыз, ұстазымыз
НАЙМАНХАНҰЛЫ МҰХАМЕТӘЛІНІҢ
қайтыс болуына байланысты отбасына, туған - туыстарына, артында қалған бала - шағасына қайғырып көңіл айтады.

Қалалық "Талдықорған", "Нұрлы өлке", аудандық "Алакөл", "Сарқан", "Кербұлақ жұлдызы", "Қарқара", "Талғар", "Текелі тынысы", "Балқаш өңірі", "Хантөңірі", "Қарадала", "Еңбекшіқазақ", "Заман жаршысы", "Ле таңы", "Жетісу шұғыласы" ЖШС газеттерінің ұжымдары Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, «Ақсу ауданының Құрметті азаматы», әріптесіміз, аудандық газеттің бұрынғы редакторы
НАЙМАНХАНҰЛЫ МҰХАМЕТӘЛІНІҢ
қайтыс болуына байланысты отбасына, туған - туыстарына, артында қалған бала - шағасына қайғырып көңіл айтады.

Рухани жаңғыру - ұлттың ұлы мұраты

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы қазақ еліндегі әр азаматтың жүрегінің түркірінде жүрген ой толғауына қозғау салды. Әсіресе, елді мәңгілік ел ғып қалыптастыруға өз еңбегін аямай, тынымсыз еңбек ететін ұстаздар қауымы осы бағдарламаға қолдау көрсетіп, өз үлестерін қосуға белсене кірісті. «Рухани жаңғыру бағдарламасында жүктелген мақсат - міндеттердің жүйелі жүзеге асуы өскелең ұрпақ үшін аса маңызды», - деген пікірде.

Рухани жаңғыру - елдік, азаматтық патриотизм мәселелерін бала санасына сіңіру керек, осы бастан үйрете беру қажет. Бізге мұның бәрі керек, ел болып тұруымыз үшін, ұлттық бірегейлігімізді сақтауымыз үшін керек. Елбасы мақаласының түп-қазығы, басты мұраты - барша қазақстандықтарды сан ғасырлар бойы ата-баба армандаған кемел келешекке жеткізу. Бұл жолда жылдар бойы айнымас серігімізге айналған қасиеттер - достық, ынтымақ аса қажет.

Рухани жаңғыру - адам баласының оның ішкі әлемінің жаңаруы, сана - сезімі, жаңа өзгерісті қабылдай білуі. «Жаңғыру» атаулыға бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіспіз. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды



алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Сонымен бірге, рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі полюстерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын құдыретімен маңызды. Елбасымыз бәсекелестіктің рухани жаңғыру үшін маңызы зор екенін атап өтті. Шыныменде бәсекелестіксіз ешнәрсе болуы мүмкін емес. Елбасымыз айтқан тұжырымды ойлар ешқандай ешқандай дәлелдеуді қажет етпейтін тәжірибеден өткен қатаң қағидалар. Тәтіке бағынған құл болмас дегендей біз елбасымыздың қадап айтқан қатаң қағидаларын қолдана отырып, дамыған елдердің көшін бастауымыз керек. Рухани жаңғырудың маңызы қандай?

Рухани жаңғырудың маңызы мен мақсаты санасы сау, тарихын танитын, революциялық емес эволюциялық дамуды қолдайтын, прагматизмді сақтайтын заманауи талаптарды жатсынбайтын, әмбебап бола алатын жаңалыққа құштар, білімдар қоғам қалыптастыру. Рухани жаңғыруымыз жаңғырық болып қалмас үшін тұжырымды ойлардан, тағылымы тәрбие алып, ісімізден нәтиже шығаруымыз керек!

А. КҮЛДІБАЕВА,
Қызылағаш ауылдық модельді кітапхана кітапханашысы.

Ана тілі – бабалар аманаты

Осы жылдың басында Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» деген мазмұны аса мәнді де бағдарлы, еліміздің отыз жылдық белесінде қол жеткізген тарихи, тағылымды жетістіктерін және келешектегі маңызды істердің айнымас бағытын белгілеген мақаласында да тіліміздің мәртебесіне байланысты көңілге қонымды ойларымен бөлісті. «Мемлекеттік тілді білу – Қазақстанның әрбір азаматының парызы. Міндеті деп те айтуға болады. Осы орайда мен барша қазақстандықтарға, оның ішінде қазақ тілін өлі жете меңгермеген отандастарыма үндеу тастағым келеді. Жастар ағылшын тілін немесе басқа да тілдерді аз ғана уақытта меңгере алатынын көріп отырмыз. Тұтас буын алмасқан осы жылдарда қазақ тілін үйренгісі келген адам оны әлдеқашан біліп шығар еді. Халқымызда «Ештен кеш жақсы» деген сөз бар. Ең бастысы, ынта болуы керек», - деп атап көрсетті.

Ия, мемлекет басшысы тап басып айтып отыр - осы жылдарда қазақ тілін үйренгісі келген адам оны әлдеқашан біліп шығар еді. Сыпайы айтылса да, ұлт намысын қамшылайтын жоталы, шындығы шымыр, ірі сөз. Сондай-ақ, бұл



мақалада балалар әдебиетіне ерекше мән беріп: «Тіл игеру үшін балалар әдебиетінің атқаратын рөлі зор. Сондықтан, қазақ қаламгерлерінің үздік шығармаларына қоса, балаларға арналған шетел жазушыларының да таңдаулы туындыларын аударып, көптеп басып шығаруды және таратуды қолға алған жөн. Оған сұраныс жоғары, - деп тұжырымдаған. Осы орайда, Министрлік 2021 жылды «Балалар әдебиеті» жылы деп жариялады.

Қарапайым тұрмыста ойымызды сауатты, толық сөйлемдермен жеткізіп, орайы келсе, мақал-мәтелдермен көркемдеп сөйлеу, өскелең ұрпақ алдындағы бірегей міндетіміз. Себебі, соны құлағына сіңірген бала басқаларға үлгі бола біледі. Сол бағыттағы әрекетті бала іс жүзінде өзімізден аңғарса, міндетті түрде қайталайтынын өмір өзі көрсетіп отыр.

Баршамызға белгілі, бала ойынын дамып, адами құндылықтар идеясының, әлемге көзқарасының қалыптасуында көркем әдебиеттің маңызы зор. Олар халық ауыз әдебиеті мен Әл-Фараби, Ж.Баласағұн, М.Қашқари, Бұқар жырау, Шал ақын, Ыбырай, Абай, Ахмет, Мұхтар, Жүсіпбек, Мағжан, І. Жансүгіров тағы басқа асыл сөз иелерінің шығармаларымен сусындап, онымен қоса, әлем әдебиеті өкілдерін оқу арқылы бәріне бірдей ортақ идея – адами қасиеттерді сақтау, ізгілікті дәріптеуді мұрат тұтады. Сол әдебиетті өз ана тілінде оқып, терең ойлап, мағыналы, мазмұнды сөйлейтін жас ұрпақты көптеп көру – қандай ғажап!

«Ұлттың сақталуына да, жойылуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы тіл», - деген Ахмет Байтұрсынұлы. Адам жан өзегіне өз ана тілінің уызы, тұңғы бастауы – туған әдебиетінен рухани нәр дарыта білсе ғана тілінің өміршен қуаты мен құдіретін болмысында сақтап, қасиеттей алады. Тіліміздің тұғырлы, ұлттық бейнесінің кіршіксіз болуына басқа емес, ар алдында, болашақ ұрпақ алдында өзіміз ғана жауаптымыз.

Гүлшат ТҰРСЫНҚЫЗЫ,
аудандық орталық кітапхананың бөлім меңгерушісі.

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
Алматы облысы, Ақсу ауданы, Ақсу ауданы әкімдігі.
Меншік иесі: «Ақсу өңірі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму Министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті 2015 жылы 16 қараша айында есепке қойылды. Күзлік №15701-Г
Директор - бас редактор Қасымбекова Ләззат Қалмұхамбетқызы

Газет бетінде жарияланған мақалалар авторының пікірі редакция көзқарасы болып табылмайды. Мақалалар өңделеді, авторға қайтарылмайды.
Жарнама, хабарландырулар, арнау, құттықтаулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.
Газет қазақ тілінде аптасына бір рет, жұма күні шығады.

БІЗДІҢ МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:
Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Желтоқсан көшесі, №5. Аудандық әкімшілік үйінде
Тапсырыс 488 Осы шығарылымның таралымы 3044

Директор бас редактор - 2-11-61, жауапты хатшы - 2-12-90.
Электрондық пошта: aksuoniri@mail.ru
Газеттің ресми сайты aksuoniri.kz
Индекс: 65750
Офсеттік басылым көлемі 26 т.